




**ОРТАҚ
МҮЛІКТІ
БӨЛУ
ОҢАЙ
ЕМЕС**

2-бет



**АССАМБЛЕЯ
АЯСЫНДАҒЫ
ОҢДЫ ІСТЕР**

3-бет



**«ЕГЕУҚҰЙРЫҚ
АУЛАУШЫ»**

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№82 (3613) 31 қазан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МИТТАЛ КЕТСЕ, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ МЕ?



Қазақ жерінде азалы күн жарияланды. Бейбіт күнде осындай шешімнің қабылдануына бұл жолы да Қарағандыдағы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарасты Костенко атындағы көмір шахтасындағы апат себеп болды. Жыл ішінде екінші рет қайталанған қайғылы оқиғаның құрбандары бұрынғыдан да көп. Бүгінгі таңда олардың саны қырықтан асып кетті.

(Соңы 3-бетте)

ТҰЛҒА

ҰЛТЖАНДЫ ҒАЛЫМ

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» демекші, халқымызда аты да, хаты да мәңгілік өлмейтін ғұлама-ғалымдар аз емес. Солардың арасынан өзіндік орнын ойып тұрып алған, тек Қазақстанды емес, әлем ғалымдарын мойындатқан ғалым Еренғайып Омаровтың есімін айрықша атауға болады. Еренғайып Сәліпұлы – ғылым саласына өзіндік қолтаңбасымен, тың жаңалығымен келген нағыз ұлтжанды ғалым. Ұлтжанды деуіміздің себебі, ол жаһандық өркениеттегі қазақ өркениетінің орнын айқындап берген қазақ.

Мысалы, ғалым ең алғаш қазақ өркениеті идеясын көтеріп, осы мәселе туралы зерттеп, жазды және ғылымға «Қазақ өркениеті» концепциясын енгізді. Еренғайып Омаров қазақтарда көшпенділікпен қатар өзіндік өркениет болғанын, халқымыздың өнер-білімнен кенде еместігін, яғни, кеме жасағанын тарихи тұрғыда дәйектеп, дәлелдеп берді. Қазақ өркениетінің көшпенділік, қалалық, әскери, өзендік, егіншілік, дала өркениеттері болып бөлінетіні туралы ғылыми тұжырымдары «Қазақ өркениетінің негізі», «Атилла. Өркениеттік ролі», «Қазақ өркениетінің қысқаша тарихы», «The Kazakh Civilization and History», «Портреттер: Геродоттан Гумбольдқа дейін сырттай көзқарас» секілді еңбектерінде кеңінен көрініс тапты. Еренғайып Сәліпұлының бұл саладағы еңбегі ұшан-теңіз. Ол қазақ халқының өркениетімен дүниежүзін таныстырып, «Қазақ өркениеті» атты жаңа ғылыми бағыт қалыптастырды.

Академик Қазақстандағы тұңғыш жекеменшік жоғары оқу орны «Қайнар» университетін ашып, елімізде алғаш рет халықаралық қатынас, экономика және құқық мамандықтарын енгізуге зор еңбек сіңірді. Қазақ өркениетіне қатысты сан түрлі мақалалар жазып, ғылымда бұл туралы нақты көзқарас тудырды.

(Соңы 4-бетте)

БАЗЫНА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ОСАЛ ТҰСЫ НЕДЕ?

Барлық реформалар нақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жүргізіледі. Сот жүйесін алар болсақ, мұндағы реформалар Президент тапсырмасына сай халықтың сот төрелігіне деген сенімін қалпына келтіруге бағытталғаны белгілі.

Сот төрелігінің тәуелсіздігі, сондай-ақ тек заңға бағынуы – қоғамның сотқа деген сенімін тудырады. Түптің түбінде әділетті, ешкімге, ешқандай жағдайда сатылмайтын әділ төрелік судьяларға емес, жоғары лауазымды адамдардан бастап қарапайым адамға дейінгі азаматтардан тұратын қоғамға қажет екенін түсіну керек. Тиісінше, сот жүйесінің индикативті көрсеткіштеріне сүйене отырып қоғамдық институттар трансформация және реформалау идеяларының бастамашысы болуы керек. Бұл идеялар сот жүйесіне емес, қоғамға ыңғайлы болуы тиіс.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның сот төрелігіне деген сенімін қалыптастыру қажеттігін әділетті түрде атап өтті. Мемлекет басшысының кассациялық соттар құру идеясы да дер кезінде көтерілген, толғақты мәселе. Мұның сот жүйесінің ұсынысы екенін айтқан Мемлекет басшысы заң және кәсіпкерлік қоғамдастықтармен кеңес жүргізу қажеттігін атап өтіп, бұл мәселені асықпай ақылдасып шешу керектігін жеткізді. Сонымен

бірге, кассациядағы істердің тек 5%-ның ғана қаралатынын тілге тиек етті.

Халықты үнемі алдау мүмкін емес

Президенттің бұл тапсырмасының өзекті екені рас. Сондықтан оны қолдау қажет. Өйткені 30 жыл ішінде жүргізілген реформалар айтарлықтай нәтиже бермеді. Әрі бұл шын мәнінде реформалау идеясын қорлау болып табылады. Бұл жағдай әрі қарай жалғаса бермеуі керек. Сондайда АҚШ-тың 16-Президенті Авраам Линкольннің «Сіз біреулерді үнемі алдай аласыз, барлығын біраз уақыт алдай аласыз, бірақ сіз ешқашан бәрін үнемі алдай алмайсыз» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі.

Өкінішке қарай, өткен 30 жылдың ішінде жаңа келген басшылардың тағайындала сала өзіне сеніп тапсырылған құрылымды реформалауы қалыпты көрініске айналды. Мұндай теріс тәжірибе жылдар бойы өзгермей келеді. Нәтижесінде біз жаңашыл басшының бейнесін жасау үшін қолға алынған мағынасыз реформаларға күә болдық. Осылайша біз қоғамды «алдап», жарқын болашақты күткен халыққа шексіз үміт

сыйладық. Соның кесірінен тіпті ел-жұрт үшін даулы құқықтық жағдайды әділ шешудің маңызы екенін ескермеуге айналдық.

Ал жүргізіліп жатқан реформалар ел игілігіне қызмет етуі үшін олардың аралық нәтижелеріне сапалық тұрғыдан талдау жүргізу керек. Реформа жасағысы келетін басшылардың жауаптылығын көтеру маңызды. Бұл үстірт дайындалған, көзбояушылық үшін қолға алынған реформалардың қабылдануына тосқауыл қояды.

Қазіргі уақытта, азаматтық қоғамның әділеттілікке деген сенімінің төмен екенін мойындаймыз. Бұл тығырықтан шығу үшін біздің ойымызша, реформа барысында жіберілген кемшіліктер мен ағаттықтарды ескере отырып, құқық қолдану тәжірибесі мен нәтижесін талдауды негізге ала отырып, қоғамның игілігіне бағытталған қолданыстағы заңдардың сапасын жақсарту маңызды.

Кассациялық алқа: сөз бен іс

Сот жүйесі бүгінде Президентке кассациялық соттар құруды ұсынғаны белгілі. Алайда

Жоғарғы Сот қолданыстағы кассациялық алқалардың кемшіліктері мен ағаттықтарын талдаған жоқ. Ал алқаның маңдайшасын өзгерту мен тек сыртқы архитектураны қайта құру қоғамға не бермек?

Дұрысында, Мемлекет басшысына кассациялық соттар құру туралы идеяны ұсынбас бұрын, кассациялық алқадағы кассациялық шағымдарды беруден бас тарту практикасына талдау жүргізіп, осындай шешімдер қабылдауға ықпал еткен факторларды және ҚР Жоғарғы Соты төрағасының өз құзырында бола тұра сот актілеріне ұсыныстар енгізу құқығын пайдаланбау себептерін нақты көрсетуі керек еді.

Жалпы алғанда, Жоғарғы Сотта кассациялық шағымдарды алдын ала қараусыз, тікелей қарайтын оң тәжірибе бұрыннан қалыптасқан. Әкімшілік істер жөніндегі алқадағы кассациялық шағымдарды қарау тәртібі – сөзіміздің дәлелі. Осы тәжірибеге сүйене отырып, кассациялық шағымдарды қарауға ештеңе кедергі келтірмейтінін айтып өткен абзал.

(Соңы 5-бетте)

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛУ ОҢАЙ ЕМЕС

Қазіргі уақытта сотта неке бұзудан басқа, ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлікті бөлу туралы талаптар жиі қаралады. Адам шаңырақ құрғаннан кейін, отбасының игілігі үшін дүние жинайды. Біреулер тыраштанıp еңбек қылып, дүниенің артында жүріп, отбасындағы басты құндылықтың мәнін жоғалтып алады.

Соңында мұндай отбасылар жиі дүниесін өзара келісіммен бөлісе алмай, арадағы дауды шешу үшін сот көмегіне жүгінеді. Сол кезде ерлі-зайыптыларға бабамыздың «Сүйіктің жоқта дүние суық» деген сөзін айтқың келеді. Басында сүйіп қосылған екі жастың соңында дүниені бөлісу үшін тартысқа түсетіні өкінішті. Сол үшін ортақ мүлікті бөліскісі келетіндер «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің талаптарын білгені жөн.

Ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ал мына мүліктер олардың ортақ меншігі болып табылмайды:

- 1) некеге отырғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;
- 2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлік;
- 3) некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, жеке пайдаланатын заттары (киім-кешек, аяқ киім және басқалар).

Яғни, аталған мүліктер бөлісуге жатпайды. Кейде ерлі-зайыптылар некесі заңды түрде бұзылмаса да, іс жүзінде тоқтап, бөлек тұрып жатып та өз қаражатына керекті мүлік алуы мүмкін. Мұндай мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп таниды.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу: ерлі-зайыптылардың біреуінің талабы бойынша некеде тұрған кезеңінде де немесе ол бұзылғаннан кейін де; кредит берушінің ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі олардың біреуінің үлесінен қарызын өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы талабы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлігі олардың келісімі бойынша ерлі-зайыптылар арасында бөлінуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікті бөлу туралы келісімі нотариуспен куәландырылуы тиіс. Дау туған жағдайда, ерлі-зайыптылардың

ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ мүліктегі үлестерін айқындау медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен жүргізіледі. Ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына немесе қайсысының ақша салғанына қарамастан, АҚ-нің 223-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған кез келген жылжытын және жылжымайтын мүлкі бөлуге жататын біріккен ортақ меншік болып табылады.

Сотқа ортақ мүлікті бөлу туралы талаппен жүгінбес бұрын, талап қоюшы өзінің жұбайымен бірге тұрған уақытта алынған, бөлісуге жататын мүліктерді айқындап, олардың нарықтағы құнын бағалауы керек. Ол үшін тәуелсіз бағалаушы ұйымдарға жүгінген дұрыс. Мүлікті сипаттайтын құжаты болуы керек. Мүлікті бағалаған соң, өзіне қалатын мүліктің нарықтағы құнының 1 пайызы мөлшерінде жергілікті бюджеттің кірісіне мемлекеттік тәжірибе тиіс. Ортақ мүлікті бөлу туралы талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша аудандық не оған теңестірілген сотқа, ал ерлі-зайыптылардың арасында кәметке толмаған балалар болса, ювеналдық сотқа берілуі мүмкін. Мұндай талаптар ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы талабымен бірге де берілуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың иелігінде болған немесе үшінші тұлғада болған ортақ мүліктері бөлуге жататын мүліктер құрамына кіреді. Егер сот ерлі-зайыптылардың бірі ортақ мүлікті иеліктен шығарғанын немесе өз қалауы бойынша, жұбайының қарсылығына және отбасының мүддесіне қарамастан сатып жібергенін немесе мүлікті жасырғанын анықтаса, онда бөлу кезінде бұл мүлік немесе оның құны есепке алынады. Сол сияқты ерлі-зайыптылардың ортақ қарызы және отбасы мүддесінен туындаған міндеттемелер жөніндегі талаптар құқығы да ескеріледі. Егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы мүліктегі үлесін айқындау кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі тең деп танылады. Кейбір ерлі-зайыптылар некеге тұрар алдында неке шартын жасауы мүмкін. Осындай шартта ортақ мүлік бойынша қа-



Гүлнұр БЕКЕЖАНОВА,
Қурчатов қалалық сотының судьясы

былданған келісіміне сәйкес үлестері анықталуы мүмкін.

Ал егер жұбайлардың біреуі дәлелсіз себеппен табыс таппаса немесе ортақ мүлікті жұбайының келісімінсіз отбасының мүддесіне нұқсан келтіріп жұмсаса, сот кәметке толмаған балалардың мүддесін негізге ала отырып немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүддесін негізге ала отырып, ортақ мүліктегі олардың үлесінің теңдігі негізін ескермеуге құқылы. Мысалы: егер жұбайы өзінің келісімінсіз ортақ автокөлікті сатып, ақшасын құмар ойынға, ішімдікке, тағы сол сияқты отбасына қажеті жоқ затқа жұмсаса және ол дәлелденсе, онда сот ерлі-зайыптылар арасындағы үлестер теңдігі негізін ескермей, автокөлікті толық құнын екінші жұбайдың пайдасына өндіруі мүмкін. Басқа мысал: кәметке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың 3 бөлмелі және 2 бөлмелі пәтері бар. Балалар анасымен тұрады. Сот балалардың мүддесін ескере отырып 3 бөлмелі пәтерді анасына, 2 бөлмелі пәтерді әкесіне қалдыруы мүмкін.

Некені бұзған кезде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі кодекстің 37, 38-баптарында және АҚ-нің 218-бабында белгіленген ережелер бойынша бөлінеді, мұндай талаптар өзара келіспесе, сот бөлінетін мүліктің құнын сарапшылардың, оның ішінде мүлікті бағалау жөніндегі мемлекеттік органның қорытындысы негізінде анықтайды.

Ортақ мүлікті бөлу туралы та-

лаптарға заң бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі – 3 жыл. Бұл мерзім неке сот шешімімен бұзылса, шешім заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі, ал неке тіркеуші органдармен бұзылса – азаматтық хал-актілерін тіркеу кітабында некені бұзу тіркелген күннен бастап есептеледі. Сотта некені бұзу туралы талап қою қаралған кезде судьялар міндетті түрде шешімде ортақ мүлікті бөлу туралы талапқа қолданылатын бұл мерзімді талаптарға түсіндірме ретінде көрсетеді. Сот отырысы барысында да ерлі-зайыптылардан ортақ мүлікті бөлісу туралы араларында даудың бар-жоғын, бөліске түсетін мүліктің тізімін анықтайды. Сондықтан неке бұзылғаннан кейін үш жыл өткен соң ортақ мүлікті бөлу туралы талаппен жүгінуді мұндай талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта тұрғын үйді ипотекаға алу немесе салынып жатқан құрылысқа үлескер болу арқылы отбасыға тиімді жолмен бірнеше жылға несиеге тұрғын жай алу жиі кездеседі. Мұндай үйдің несиесі төленіп бітпесе де, банкте кепілде тұрса да, ерлі-зайыптылар оны бөлісу туралы талаппен сотқа жүгінуді мүмкін. Бірақ мұндай істерді қарауда сот практикасында бірізділік жоқ. Кей соттар несиесі кімнің атына рәсімделсе, сол жұбайға үйді қалдырып, одан екінші жұбайдың пайдасына үйдің нарықтағы құнынан үйдің үлесі мөлшерінде өтемақы өндіреді. Бұл жерде несиеленген жұбайы неке тоқтатылғаннан кейін төлеген несиесі сомаларының тиісті үлесін екінші жұбайдан өндіруге құқығы бар екенін ескерген жөн. Осындай істерге бөлінетін үй қай банкте кепілде тұрса, іске үшінші тұлға ретінде банк тартылады. Заңда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікті бөлуіне еш кедергі жоқ. Яғни банк қарыз алушының несиесі бойынша берешегі болса, кепілзаты арқылы өз талабын қанағаттандыруы мүмкіндігі бар. Алайда кей сот актілерінде банктің келісімі болмағандықтан, мұндай талаптар қанағаттандырудан бас тартылған.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ борыштары олардың арасында өздеріне берілген үлеске барабар түрде бөлінеді. Отбасы игілігі үшін алынған үшінші тұлғаның алдындағы міндеттеме бойынша да, ерлі-зайыптылардың қайсысының атына алынғанына қарамастан, олар үшінші тұлға алдындағы міндеттемеге тең жауапты болады. Заңның бұл талабын дұрыс түсінбеген жұбайлардың біреуі екінші жұбайға екеуі бірге тұрғанда отбасы игілігі үшін алынған несиелердің болашақта төлейтін сомасын бөліп беруді сұрап та талап береді. Мұндай талаптар қанағаттандыруға жатпайды. Ол үшін қарыз берген үшінші тұлғаның келісімі керек. Егер сотта ерлі-зайыптылардың біреуі несиенің отбасының ортақ мүддесі үшін алынғанын және неке іс жүзінде

тоқтатылған уақыттан бастап өзі жалғыз несиені төлегенін дәлелдесе ғана, төленген несиесі сомаларының тиісті үлесін екінші жұбайынан өндіріп алуға құқығы бар.

Кей жағдайда ерлі-зайыптылардың екеуі де ортақ мүлікті өз иеліктерінде қалдырғысы келмей, екеуі де мүліктің сатылғанын қаласа, онда олардың талабы бойынша сот мүлікті тараптардың бірігіп сатуға қоюына, сатылған мүліктің құнын олардың өздеріне тиесілі үлеске барабар мөлшерде бөлу туралы да шешім шығара алады. Бұл жерде мүлікті сату құнының ең жоғарғы шегін тараптар өздері анықтауы керек.

Ерлі-зайыптының бірінің атына салынған банктік салым ортақ мүлік болып табылады және бөлісуге жатады. Ал олардың кәметке толмаған өз балаларының атына салған салымы сол балаға тиісті болғандықтан бөлінбейді.

Кейінгі кезде сотқа бұрынғы ерлі-зайыптылардан бірлескен ортақ мүліктен үлесті айқындау туралы талап қою түсетін болды. Неке сот шешімімен тоқтатылғаннан кейін 3 жылдық талап қою мерзімі өтіп кеткендіктен, олар ортақ мүлікті бөлуі сұрамай, тек мүліктің 1/2 үлесін өзіне деп анықтауды сұрап жүгінеді. Мысалы: неке бұзылмас бұрын ерінің атына жұбайының келісімімен тұрғын үй сатып алынған. Үйді сатып алғаннан кейін бір жыл өткен соң ерлі-зайыптылардың арасындағы неке сот шешімімен тоқтатылған. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 7 жыл өткен соң жұбайы бұрынғы жұбайына аталған үйдің 1/2 үлесін өзіне тиесілі деп анықтауды сұрап сотқа жүгінген. Сотта жауапкер талап қоюдың ескіру мерзімін қолдануды сұраған. Сотпен аталған дау отбасылық қатынастардан туындағандықтан, талап қою мерзімі өтіп кеткендіктен, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған.

Осындай даулар жылжымайтын мүлікті басқа адамға сату кезінде туындайды. Яғни жылжымайтын мүлік некеде тұрған кезде алынса, сатар кезде жұбайының келісімі керек, ерлі-зайыптылардың некесі бұзылғаннан бері 3 жыл мерзім өтіп кеткен. Сатып алу-сату шартын тіркеуші орган жұбайының келісімін міндетті түрде сұратады. Бұрынғы жұбайы келісімді бермей, өз үлесінің өтемақысын сұрайды. Осыған байланысты ерлі-зайыптылар арасындағы дау сотқа жүгінуге мәжбүрлейді. Сотта істі қарау, шағымдану мерзімі өте ұзақ. Сондықтан заңнамामызды жетілдіріп, неке бұзу туралы істерді қарау кезінде, соттар ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ мүліктерін анықтап, егер олардың арасында дау болмаса, кімнің иелігінде қандай мүлік қалатынын неке бұзу туралы шешімде көрсетіп кеткені, ал дау болса, бөлек ортақ мүлікті бөлу туралы талап қоюмен сотқа жүгінгені дұрыс деп ойлаймын.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

«ЦИФРЛЫҚ АГЕНТ» ЖҰМЫС САПАСЫН БАҒАЛАУҒА ЖОЛ АШТЫ

Жоғарғы Сот бастамасымен «Цифрлық агент» (Digital agent) қосымшасы енгізілді. «Цифрлық агент» мобильді қосымшасы сот қызметкерлерінің жұмыс сапасын саралауға жол ашты.

Пайдаланушылар «Play Market» немесе «App Store» сервистік бағдарламасы арқылы мобильді қосымшаны жүктеп, тіркеуден өту арқылы қолайлылық, сервис, рәсімдер мен персонал өлшем шарты бойынша еліміздің 370 сот органының жұмысына өз бағасын бере алады. Міне, осылайша соттың жұмысына разы болмаған кез келген адам шағымын «Цифрлық агент» бойынша соттың лауазымды адамына хабарлап, проблемасын қысқа мерзімнің ішінде шешетін болады.

Азаматтар фойе жағдайынан бастап, сот актісінің сапалы түсіндірілуіне дейін баға береді. «Цифрлық агент» қосымшасын іске қосудағы мақсат та осы. Бұл құрылғы

қазір тұрғындар арасында кең насихатталуда. Адамдар да бағдарламаны қолдануға жылдам бейімделуде. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізіледі. Қосымшадан біз статистиканы көріп, кез келген мемлекеттік мекемені бағалай аламыз.

Қазіргі таңда «Цифрлық агент» қосымшасы электрондық және мобильді үкімет жүйесін жетілдіріп, мемлекеттік қызметтерді көрсету саласын оңтайландырып отыр. Жоба азаматтардың сот қызметіне қанағаттануына және олардың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық



Ж.ЕСЕНОВ,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Әкімшісінің басшысы

сотына 2023 жылдың қаңтарынан бері қосымша арқылы 6 адам оң баға берген. Жұртшылықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табуы тиіс.

Атқарушылық іс жүргізуді мемлекеттік сот орындаушысы мен жеке сот орындаушысы жүзеге асырады. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша нұсқамалар мен қаулылардың, мүліктік өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақтылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндетіне кіреді.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТ УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізу тараптары, өз пайдасына немесе мүдделеріне атқарушылық құжат берілген жеке немесе заңды тұлға өндіріп алушы болып табылады. Атқарушылық құжатта көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға борышкер болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар



Нұрсұлтан НҰРЖАНТӨВ,
Түркістан облысы кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

атқарушылық әрекеттер және мәжбүрлеп орындату шаралары туралы хабархатпен хабарландырылады. Сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады. Сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МИТТАЛ КЕТСЕ, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еске сала кетейік, апат өткен сенбіге қараған түні, 28 қазанда болды. Қарағанды филиалы директорының бірінші орынбасары Геннадий Силинскийдің айтуынша, өрт тірек секцияларының артында тұтанған. Төтенше жағдайды жою жоспары дереу енгізілгенімен, бұл шара шахтадағы жарылысқа тосқауыл қоя алмады. Оның салдарынан батыс және шығыс блоктардағы телекоммуникацияларға зақым келді. Соққы толқынының таралу диапазоны екі шақырымнан асып, бұл жағдай құрбандардың соншалықты көп болуына әкеліп соқты.

Кеніште жалпы 1400-ден астам қызметкер жұмыс істейді екен. Бұл сәтте онда 252 адам болыпты. Билік 46 адамның қаза тапқанын растағанын ескерсек, Костенко атындағы шахтадағы бұл апатты Қазақстан тәуелсіздігінің бүкіл тарихындағы құрбандар саны бойынша ең ірі өндірістік апат деп санауға болады. Қазіргі таңда оқиға орнында 55 құтқарушы, 12 техника, психологтар жұмыс істеп жатыр.

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің басшысы Сырым Шәріпханов із-түзсіз жоғалғандарды тірі табу мүмкіндігінің аз екенін айтты. «Бірақ біз үмітімізді үзбейміз. Барлығы табылмайынша, құтқару жұмыстары тоқтамайды», – деді ол. Генна-

дий Силинский де құтқару жұмысы тәулік бойы, вахталық режимде жүргізілетінін жеткізді. Оның айтуынша, апат барлық шахталарда болады. Бірақ Костенко шахтасында мұндай үлкен апат оның бүкіл тарихында тіркелген емес. Кеншілерді іздестіру жұмыстарына кен орындарындағы газдың ластануы, оттегімен тыныс алу аппараттарының жұмыс уақытының шектелуі және жергілікті өрттерді сөндіру кедергі болып жатыр екен.

Оқиғадан кейін Қазақстанның құқық қорғау органдары «Тау-кен жұмыстарын немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаза болғандардың отбасына көңіл айтып, 29 қазанды Ұлттық аза тұту күні деп жариялады. Мемлекет басшысы сондай-ақ әкімдік пен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясынан отбасыларына материалдық көмек көрсету жөнінде нақты тапсырмалар берді. Үкіметке республиканың тау-кен металлургия секторындағы ірі кәсіпорын және ArcelorMittal трансұлттық металлургиялық тобына кіретін ArcelorMittal Temirtau компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтатуды міндеттеді. Бүгінде Үкімет «АрселорМиттал Теміртау» акционерлерімен кәсіпорынның

меншік құқығын мемлекет пайдасына беру туралы алдын ала келісімге келгенін хабарлап отыр.

Қарап отырсақ, соңғы бірнеше жылда Арселлор Миттал шахталары ірі апаттар алаңына айналғандай. Биылғы жылдың өзінде осындай оқиға екі рет болыпты. Тамыз айында тіркелген «Казахстанская» кенішіндегі конвейер өртінде бес кеншінің мәйіті табылған еді. Былтыр қарашада Ленин атындағы шахтада өрт шығып, онда да бес адам қаза тапқан болатын. Жалпы, шахта тарихындағы осындай ірі апат 2006 жылы тіркеліпті. Сол кезде де метан жарылып, 41 кенші қаза тапқан болатын. Ресми мәлімет бойынша, Қарағанды облысындағы сегіз шахта мен металлургиялық зауытқа иелік ететін «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының нысандарында соңғы 15 жылда 100-ден астам адам ажал құшыпты.

Билік кеш те болса көптің көкейіндегі шешімді қабылдады. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, меншік иесінің ауысуы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының міндеттемелеріне әсер етпейді. Ол сонымен қатар қожайынның ауысуы компаниядан барлық жауапкершілікті алып тастайды деген болжамдар мен қауесеттерді де жоққа шығарды. Солай болуға да тиіс. Алайда, осы уақытқа дейін компаниядан қандай

да бір жауапкершілік талап етілді ме? Осы жолы да апаттың мән-жайы мен себептерін анықтау үшін үкіметтік комиссия жұмыс істеп жатыр екен. Мұндай ұйымдар бұрын да талай жасқалған. Алайда олар нені анықтап, қандай шаралар қабылдағаны, кімді жазалағаны белгісіз. Өкінішке қарай, бүгінде бұл жөнінде еш дерек жоқ. Белгілісі тек жыл сайын болатын апаттар, олардың құрбандарының саны. Осы орайда «бұл елдің заңы, оның орындалуын қадағалайтын құзырлы орындары қайда?» деген заңды сұрақ туындайды. Шын мәнінде, бұл қарапайым ғана еңбек пен техника қауіпсіздігі сақталмауының салдары ғой. Осыны талап етпей, қадағаламай Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті қайда қарап отыр? Әкімдіктердегі өнеркәсіп және еңбек инспекциясы басқармаларының не ойлағаны бар? Бір емес, бірнеше рет болған оқиғалардан сабақ алатын уақыт жетсе керек. Әлде расында бізде адам өмірі құнсыз ба? Әлде адамды ең басты құндылық ретінде айқындаған Негізгі заң қауқарсыз ба?

Осы сауалдардың жауабы саясаттанушы Данияр Әшімбаевтың «мемлекет өзін активтерді «бәсеке-лестік ортаға» әкелуге тырысатын тиімді меншік иесі немесе күшті ұйымдастырушы ретінде қарастырмайды» деген тұжырымында тұрған сияқты. Әшімбаев мырза да апатқа жабдықтардың сыни тозуы, білікті мамандар мен экономикалық көзқарастың жетіспеушілігін себеп етеді. Десе де оның бұл ретте сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың жоқтығы жағдайдың нашарлауын айтарлықтай қиындата түскендігі, өнеркәсіптік және еңбек қауіпсіздігі

мәселелерін Үкіметтің қадағалау кепілдігінің жоқтығы – айтылуы қажет мәселе. Сол секілді білікті инженерлік кадрлардың жетіспеуі, олардың мүлде дайындалмайтындығы жайлы базынасы да апатқа ықпал еткен факторлар екенін мойындамасқа шара жоқ.

Расында тек қана шетелдік инвестицияны тартып, өндірісті дамыта алмаймыз. Бұл ретте мемлекет өз жеріндегі өндірістің тағдырын өзгеге тұтасымен сеніп тапсырмай, оны үнемі жіті қадағалап, кем-кетік мәселесін шешуге атсалысуы керек. Өйткені, өндіріс өзгені иелігінде болғанымен, ондағы адамдар – біздің елдің азаматтары, ал табысы – елдің несібесі. Өкініштісі, біздің Үкімет мұны мүлде ұмытып кеткен сияқты. Осылайша «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожаның болмауы, шетелдік компаниялардың ойна келгенін жасауына алып келіп отыр. Шахталардағы көбейіп кеткен жарылыстарды осындай бақылаусыздық, жазасыздықтың салдары демекше шара жоқ.

Тоқ етерін айтқанда, мәселе тек Митталда тұрған жоқ. Ол тек «жаман үйдің» иесін билеген қонақ қана. Мәселе оның өндірісті басқару құқығында еңбек ететін адамдардың алдындағы міндеттермен шектелетінін еске салып, талап етудегі Үкіметтің әлде жігерсіздігі, әлде самарқаулығында болып тұр. Егер атқарушы билік осы әлсіздігімен жұмыс істей алмаса, Қазақстанның шахталары қожасының ауысуынан еш мән жоқ. Олар келіп, кетіп, ал мәселелер қала береді. Сондықтан ең басты талапты Үкімет өзіне қойып, барлық саладағы сыбайластықты жоюға, қатал тәртіптің орнығуына, заңдылықтың үстемдік құруына күш салуы керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

БАҒДАР

НАЗИБ ЖИГАНОВТЫҢ ӘН ӘЛЕМІ

Ф. Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясында қазіргі заманның композиторы, тар және әлемдік музыка мен балеттің классигі, жерлесіміз, КСРО Халық әртісі және сегіз операның авторы Назиб Жигановтың шығармашылығына арналған музыкалық кеш өтті.



Әні мен сәні келіскен әуенді кешті облыстық қоғамдық даму басқармасының, Ресей Федерациясының Бас консулдығының және Оралдағы орыс үйінің қолдауымен облыстық Ассамблеяның «Татар мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Концертке жиналған әнсүйер қауымды және қонақтарды Республика күнімен құттықтаған БҚО Қоғамдық келісім басқармасының басшысы Гүлжанар Шөкеева көрнекті татар классигінің кешінің ұлттық мереке аясында өтіп жатқанының символдық мәнін айрықша атап өтті. Назиб Жигановтың шығармашылығына арналған бұл шараның өскелең ұрпақ үшін патриоттық және тәрбиелік маңызы мен оның біріктіретін, полиэтникалық мағынасына да ерекше мән берді.

– Бүгінгі іс-шара – Қазақстан мен Татарстан халықтары арасындағы достықтың мерекесі. Қатар жатқан қос елдің тарихы да ортақ, болашаққа бастап бара жатқан бағытымыз да бірдей. Бұрынғы өткен ата-бабамыздың кейінгі ұрпағына қалдырған бай мәдени, рухани мұраны сақтап, әрі қарай жалғайтын боламыз. Бізді біріктіріп, ізгі істерді жүзеге асыруға шабыттандыратын да осы байлығымыз болмақ, – деді Ресей Федерациясының вице-консулы, Оралдағы орыс үйінің басшысы Хаджимурат Атмосферзаев.

Назиб Жигановтың концерті барысында облыстық филармонияның сахнасында әншілер Альбина Наурызғалиева, Дина Давлетьярова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Айбар Хайрханов, «Мәдениет саласының үздігі» Ақсулу Жұмалиева, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Қанатқали Қожақов сияқты өңірге танымал талантты тұлғалар өнер көрсетті. Сондай-ақ «Классика» камералық ансамблі (көркемдік жетекші В. Баяндын), Д. Нурпейісова атындағы № 1 БММ оқушылары (көркемдік жетекші

АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Р.С. Хамитова) және тағы басқа өнер ұжымдары да композитордың шығармаларын нақышына келтіре орындап берді.

Шара барысында Назиб Фаязулы Жигановтың ұлы Иван Назибұлының оралдықтарға арнайы жазған құттықтау бейнебаяны көрсетілді.

ТОЛЕРАНТТЫ ҰРПАҚ - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Орал қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы халқы Ассамблеясы республикалық Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы аясында өткен «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» тақырыбындағы форумның қорытынды отырысы өтті. Отбасылық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие бағытын қамтыған басқосуға барлық деңгейдегі Аналар кеңесінің мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.



Алқалы жиынды кіріспе сөзімен ашқан БҚО ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Шалқыма Құрманалина Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын іске асыруда алдағы уақытта жұмыс жоспарына ең негізгі төрт бағыт бойынша өзгеріс енгізілетінін және негізгі жұмыстар ауылдық округтерінен басталатынын тілге тиек етті.

– Адамның көптеген көзқарастары мен ұстанымдары отбасында тәрбиеден бастау алады. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің басты мақсаттарының бірі – отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу, – деген Шалқыма Хайруллақызы қоғамда орын алып жатқан түрлі эмоционалдық жағымсыз жайттардың азаймай отырғанына алаңдаушылық білдірді.

Аналар кеңесінің мүшелері де бала тәрбиесі, отбасы құндылығы хақындағы ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарымен бөлісті.

Шара соңында қыркүйек айында Орал қаласында өткен республикалық көлемдегі ауқымды шараны жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан белсенді аналарға ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар табыстады.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН!

Достық үйінің ғимаратында БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінің ұйымдастыруымен 25 қазан – Республика күніне арналған «Бірлігі жарасқан Тәуелсіз Қазақстан!» атты мерекелік шара өтті.



Мерекелік шараға этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен өкілдері, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің, «Тіл мұра» қоғамдық бірлесігінің, журналистер клубының, БҚО ҚХА Ғылыми сараптамалық тобының, «Ассамблея Жастары» РҚБ мүшелері, Татуласу орталығының медиаторлары, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі қоғамдық даму басқармасы мен «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты. Шара барысында егемен еліміздің, қоғамның өркендеп дамуына елеулі үлесін қосқан «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері мерекелік алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ жиналғандар назарына ортақ шаңырағымыз – Қазақстанды мекен еткен әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өз тілдерінде ән шырақ, би билеп, концерттік бағдарламасын ұсынды. Ыстық ықылас пен өзара сый-құрметке толы мерекелік шараға қатысушылар Достық үйінің ауласында ағаш отырғызуға бет алды. Дана халқымыз «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген тәмсілді бекер айтпаса керек. Сол ізбен жалғасқан сара жол бүгінде алдыңғы аға буынның да басты ұстанымына айналғандай. Айналаға тал-терек отырғызып, қала көркін ашар көк желектің санын көбейту мақсатын көздеген акцияға қатысушылар бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай болып, ағаш отырғызу арқылы жас ұрпақтың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамיתынуы ұғындыру, сөйтіп, қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесін қосу екенін нақты іспен дәлелдеді.

Айта кетейік, этномәдени және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс бөлімінің әдіскері Аяжан Сафуанқызының мәліметінде, Жайық бойын жайлаған өңірде 53 этномәдени бірлестіктің мүшелері тату-тәтті өмір кешуде.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

«Қарттарын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік» демекші, үлкенді сыйлап, ардақты қарияларымызды құрметтеу – басты парыз.



«Қазыналы қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген халық даналығын ту еткен оралдықтар артында талай жалынғын жырларын қалдырған қазақтың қабырғалы ақыны Тайыр Жароковтың ұрпағы, Ұлы Отан соғысының ардагері Исмагулов Серажедин атамыздың жесірі, Алматы қаласынан келген Батыс Қазақстан облысының тумасы, еңбек ардагері Алма Исмағұлова әжеймен және Серажедин Исмағұлов атамыздың ұлы, ұзақ жылдар бойы білім саласында абыройлы еңбек атқарған зейнеткер ұстаз Мұхамбет Исмағұловпен кездесу сағатын ұйымдастырды.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы ұжымының қатысуымен өткен кездесу барысында Қазан төңкерісі, кұғын-сүргін, аштық, соғыс сияқты қазақ халқының басынан өткен нәубет жылдардың қазіретін тартқан отбасы мүшелері өздері туралы әңгімелеп берді. Бүгінде 89 жасқа келген Алма әжеміз өмірдің қандай сынағы тап келсе де мойымаған, басынан кешірген талай тар жол, тайғақ кешулер, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын ғибратты сөздерін жыр-өрнектерімен әсерлі жеткізіп, ұлағатты естеліктерімен бөлісті. Қазіргі Қазталов ауданының Ақпәтер ауылында дүниеге келген Алма әжеміз Ұлы Отан соғысының ардагері Серажедин Исмағұлов атамызбен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерген соң, Чапаев ауылында тұрып қызмет атқарған. Зейнеткерлікке шыққан соң Алматы қаласына қоныс аударған. Жұбайы екеуі отбасында екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіріп, қазіргі таңда немере-жеңдерінің қызығына тоймай отырған асыл әжелердің бірі. Ұлағатты мәні зор тағылымды кездесудің қатысушылардың есінде тарихтан сыр шерткен даналық мектебінің бір сағаты ретінде сақталып қалары анық.

Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

ТҰЛҒА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол аталған университет жанынан «Қазақ өркениеті мен тарихы» институтын құрып, оқытушыларды қазақтың мәдениеті мен салт-дәстүріне, заңдарына, мысалы, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», т.б. ережелерге байланысты материалдар жинауға жұмылдыра білді. Сондай-ақ, ол «Қазақ өркениеті» журналын ашты. Бүгінде ғылым саласында жетістікке жеткен шәкірттері жетерлік.

Әлем жұрты күллі шығыстан үш-ақ адамды, атап айтқанда, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір мен Аттиланы (Еділ патша) мойындаса, Еренғайып Сәліпұлы тыңнан түрен салып Аттила туралы тарихи-танымдық еңбек жазды. Еділ патшаның портретін тауып, оның өмірбаянын кешенді түрде зерттеді. Франция жерінде салынған Аттила музейіне экспонаттар жинауға, оның іске қосылуына өлшеусіз үлес қосты.



ҰЛТЖАНДЫ ҒАЛЫМ

Қазақстан Республикасының Жаратылыстану ғылымдары академиясының құрылуында да ғалымның еңбегі ерен. Бүгінде академиктің тікелей нәтижесінде аталған академия дүниежүзі ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ең кереметі сол, Еренғайып Омаров соңғы 2-3 ғасырда Жібек жолын басынан аяғына дейін жүріп өткен жалғыз қазақ. Өзінің ізденімпаздығының арқасында Шығыста Корея, Қытай, Индиядан бастап, ал батыста Стамбулдан әрі қарай Грекия - Италия - Венгрия - Швейцария - Франция - Испания - Португалия, т.б. елдерді аралап, қазақ өркениетін дәлелдейтін артефактілер жинады. Әйгілі ғалым Ш. Уәлихановтың ізімен жүріп, Қашқария мен Такла-Макан шөлінде болды. Бұл жолға ғалым 15 жылға жуық уақытын арнады.

Қазақстан Республикасының Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының, Еуропа жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Нью-Йорк ғылым академиясының, Халықаралық география қоғамының толық мүшесі Еренғайып Омаров биыл 75 жасқа толды.

Академик өзінің мерейлі жасын Ұлттық кітапханада «Қазақстан ғылымының өркені өрісіндегі дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында, ғалымдар мен оқырмандардың ортасында атап өтті. Бұл шара алыс-жақын шетелдерде, халықаралық конгрестер мен конференцияларда қазақ өркениеті, тарихы, білімі мен ғылымы жайлы баяндамалар жасап, халқымызды танытқан танымал ғалымның қарапайымдылығын анық байқатты.

Академикті тек қазақстандықтар ғана емес, әлем ғалымдары онлайн арқылы құттықтап, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Шәкірттері мен әріптестері Еренғайып Сәліпұлының білгір ұстаз әрі іскер басшы, мықты ұйымдастырушы, сегіз

қырлы, бір сырлы азамат, бірегей тұлға екенін жарыса жеткізді.

Еренғайып Омаровты әріптестері бекерден-бекер «сегіз қырлы, бір сырлы» жанға теңеп отырған жоқ. Себебі, ол физика саласында ғылыми жаңалық ашқан жан әрі философия докторы, тарихшы, сондай-ақ, қазақша-орысша, орысша-қазақша, қазақша-қытайша сөздіктер жасауға да атсалысты.

Еңбектерін ерекше ықыласпен атаған ғалымдар Еренғайып Сәліпұлының өздерімен бірге жұмыс істеп қана қоймай, біріне әкелік, енді біріне ағалық қамқорлық көрсетіп, үнемі моральдық және материалдық тұрғыда қолдап отырғанын айтты. Көбісі ғылымға бет бұруына тікелей себепші болған да осы кісі екенін жанырмады.

Шара барысында ғалымдар Еренғайып Омаровтың еңбектері мен шығармашылығы, қазақ және әлемдік өркениет туралы, ал академиктің өзі қазақ өркениетінің ғылыми-теориялық негіздері жайлы баяндамалар жасады. Баяндамаларда қозғалған тақырыптар шараға қатысушыларды құнды мәліметтерден хабардар етті. Мерейтойды Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев жүргізді.

Еренғайып Омаров өзінің кітаптарын Ұлттық кітапхана қорына сыйға тартты. Бұған қоса ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» деп Аристотель айтқандай, жалықпай ізденіп, жан-жақты білім алған, оны зерттеп-зерделеп, ғылымға айналдырған Еренғайып Омаровтың мансапқа емес, ұлттың болашағына еңбек еткенін әріптестері шағын конференцияда жеткізіп, өздерінің шынайы алғыстарын білдірді.

Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САҒАТ

АДВОКАТТАР ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

Азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, сот тараптарды татуластыру үшін барлық шараларды қабылдайды, оларға процестің барлық кезеңінде дауды реттеуге жәрдемдеседі.

АДЖК-де партисипативтік рәсім ретінде адвокаттардың қатысуымен тараптар үшін татуластыру рәсімі көзделген.

Рәсім барысында тараптар сотта мәлімделген талап қою талаптарының нысанасы мен негізін өзгертуді қоспағанда, өздерінің материалдық және іс жүргізу құқықтарына өз қалауы бойынша билік етуге, талаптардың мөлшерін ұлғайтуға, азайтуға немесе даудан бас тартуға құқылы.

Дауды реттеудің осы балама түрінің басқалардан артықшылығы – адвокаттар тараптарға қолайлы нұсқаны іздеуде де, реттеу туралы келісімнің мәтінін жасау кезінде тікелей заңдылықты сақтау тұрғысында да білікті заң көмегін көрсетеді. Егер медиация рәсмінде мәтін мен оның мазмұны қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмеуі себебінен келісімді сот бекітпесе, онда партисипативтік рәсімде адвокаттар өздерінің сенімгері үшін барлық құқықтық салдарларды ескеруге міндетті болады, бұл оның одан әрі орындалуын едәуір жеңілдетеді, азаматтар үшін сот төрелігін неғұрлым қолжетімді етеді, азаматтар арасындағы наразылықты азайтады.

Партисипативтік рәсім екі тарап адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен судьяның қатысуынсыз жүргізіледі. Яғни, екі тарап міндетті түрде адвокаттармен ұсынылған кезде және тең жағдайда жанжалды шешудің жолдарын іздейді.

Ерікті түрде орындалмаған партисипативтік рәсім келісім жасасқан адамның өтініші бойынша сот беретін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындалуға тиіс. АДЖК атқарушылық іс жүргізу тараптарының өтініші бойынша соттың партисипативтік келісімді бекітуі көзделмейді.

Татуластыру рәсімдерінің осы түрінің процестің заңнамадағы новеллалар ретіндегі негізгі айырмашылықтары мынадай: 1) партисипативтік рәсімдегі келіссөздер адвокаттардың міндетті қатысуымен тараптар арасында жүргізілуі мүмкін, бұл дауды реттеу туралы ықтимал келісімнің барлық тармақтарының заңдылығына кепілдік береді; 2) барлық рәсім азаматтық істі қарайтын судьяның қатысуынсыз, сондай-ақ тарап-

тардың адвокаттар арасында талапкер мен жауапкердің өкілдері ретінде келіссөздер жүргізу не қандай да бір құқыққа қатысты өзара дауласатын келіссөздер жолымен келісім жасасу туралы шешім қабылдауына ешкімнің сырттан ықпалынсыз өтеді; 3) партисипативтік рәсімді адвокаттар азаматтық-құқықтық істі сот қарауынан тыс қолдана алады.

Партисипативтік рәсімді өткізу жөніндегі келіссөздерге қатысқан кезде адвокат тәуелсіз болуға, барлық тараптармен бір мезгілде, сондай-ақ тараптардың әрқайсысымен жеке кездесулер өткізуге және оларға дауды реттеу бойынша ауызша және жазбаша ұсынымдар мен дәлелдемелер беруге міндетті. Ал тараптар: өз қалауы бойынша оған қатысу үшін адвокаттарды таңдауға, рәсімге қатысатын адвокаттан бас тартуға; партисипативтік рәсім келіссөздерінің кез келген сәтінде оған қатысудан жеке өзі немесе өкілеттіктері заңда белгіленген тәртіппен рәсімделген сенімхатқа негізделген өкілдердің қатысуынан бас тартуға; заңда белгіленген тәртіппен заңмен рәсімделген сенімхатты орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу тәртібімен мәжбүрлеп орындау туралы арызбен сотқа жүгіруге құқылы.

Егер адвокаттардың қатысуымен партисипативтік рәсім азаматтық процестің шеңберінен тыс жүзеге асырылса, тараптар мен олардың адвокаттары дау тараптарының уағдаластығы бойынша келіссөздердің аяқталу уақытын белгілейді. Адвокаттар партисипативтік процедураны ақылы және ақысыз негізде жүргізеді. Егер келіссөздердегі тарап мемлекет кепілдік берген заң көмегінің қаражаты есебінен заң көмегін көрсетуге құқылы болса, адвокат тиісті бюджеттен шығыстарды кейіннен өтеу үшін, «Адвокаттық қызмет туралы» заңға сәйкес тиісті құжаттарды берілген нысанда рәсімдеуге міндетті.

Адвокаттардың сыйақы мөлшері партисипативтік рәсім басталғанға дейін тараптармен жасалған шарт бойынша айқындалады. Азаматтық процесс барысында партисипативтік рәсімді жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім іс жүргізуінде азаматтық іс жатқан судьяға дереу жіберіледі.

Іс жүргізу заңнамасының новелласы Қарағанды облысының Шахтинск қалалық сотында игерілуде. Сот ата-аналар арасындағы баланың тұрғылықты жері туралы дауды партисипативтік рәсіммен бекітті. Кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері туралы келісе алмайтын ерлі-зайыптылар арасындағы дау адвокаттардың білікті заң көмегінің арқасында шешілді. Ата-аналар ақыры баласының мүддесін ескеріп, өзара қолайлы келісім жасады. Оны сот мақұлдады және азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Б.ЕСЕНҚОЖАЕВА,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ



БІЛГЕН ЖӨН

Соттылық – бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша соттар арасында бөлу, яғни азаматтық істі қарауға тиісті нақты сотты белгілеу.

ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 3-тармақшасында өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды деп көрсетілген. Сондықтан азаматтық істерде соттылық мәселесі ерекше мәнге ие.

АПК-нің 29-бабында талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Өз кезегінде жеке тұлғаның, оның ішінде заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тұрғылықты жері Азаматтық кодексіне белгіленген қағидалар бойынша айқындалады. АПК-да белгіленгендей, заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері

бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға құрмайтын ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

Сонымен қатар АПК-да талап қоюшының таңдауы бойынша да соттылық қарастырылған. Тұрғылықты жері белгісіз не Қазақстанда тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап қою оның жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша (заңды тұлғаға да қатысты) немесе оның ең соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін.

Заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметінен туындайтын талап қою филиалдың немесе өкілдіктің орналасқан жері бойынша да берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда филиалдың немесе өкілдіктің тіркелгенін, мүліктік жағдайын ескерген жөн. Бірнеше жауапкерге талап

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДЕГІ СОТТЫЛЫҚ

қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша жауапкерлердің бірінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін, ал оны таңдау құқығы талап қоюшыға тиесілі екенін ескерген жөн.

Сонымен қатар тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс бойынша, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алады, эксаумақтық соттылықты таңдай алады.

Алайда соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайтын жағдайлар да қарастырылған. Оған жер учаскелеріне, ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға, жермен тығыз байланысты басқа да объектілерге; мұра қалдырушының кредиторларының мұрагерлерге, өсиетті орындаушыға; жүктерді, жолаушыларды не-

месе багажды тасымалдау шарттарынан туындайтын тасымалдаушыларға қатысты талап қоюлар жатады. Мұндай жағдайда талап қоюлар мүліктің, объектінің, мұраның, тасымалдаушының орналасқан жері бойынша беріледі және сол жерде орналасқан соттың соттылығына жатады.

Жер учаскелеріне, ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға, жермен тығыз байланысты басқа да объектілерге (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, жылжымайтын мүлікті тыйым салудан босату туралы, кепілге салынған жылжымайтын мүлікке өндіріп алуды қолдану, жылжымайтын мүлік кепілінің шартын тоқтату не жарамсыз деп тану туралы талап қоюлар осы объектілердің орналасқан жері бойынша беріледі. Егер жылжымайтын мүлік объектілері әртүрлі елді мекендерде орналасқан болса, талап қою объектілерінің бірінің

орналасқан жері бойынша сотқа, егер жылжымайтын мүлік объектілері бір елді мекеннің аумағында орналасқан болса, талап қою объектілерінің бірінің орналасқан жері бойынша сотқа беріледі.

Дербес талапты мәлімдеуші үшінші тұлғаның талап қоюы және қарсы талап қою, бұлардың соттылығына қарамастан, бастапқы талап қою қаралатын жердегі сотқа беріледі. Бір жауапкерге бірнеше талап қою берілген кезде, егер даудың нысанасы немесе негізі соттың іс жүргізуінде жатқан істегі даудың нысанасына немесе негізіне байланысты болса, ал мұндай талап қоюлардың соттылығы соттың іс жүргізуінде жатқан істің соттылығын бұзбаса, сот оларды бір іс жүргізуге біріктіруге құқылы.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы

заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істерді, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғай тарату туралы істерді де қарайды.

Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

БАЗЫНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, әкімшілік әділеттің негізгі принципі – соттың белсенді рөлін, сондай-ақ ӘРПК-де бекітілген басқа да принциптерді еш қиналмай алуға, оларды азаматтық сот ісін жүргізуге және басқа салаларға енгізуге болады, өйткені бұл сот төрелігін жүзеге асырудың жалпы принциптеріне қайшы келмейді, керісінше, оның сапасын арттыруға ықпал етеді.

Осы орайда немістің ұлы мемлекет қайраткері Отто Фон Бисмарктың «... елді жаман заңдар мен жақсы шенеуніктер арқылы басқаруға әбден болады. Бірақ шенеуніктер жаман болса, ең жақсы заңдар да көмектеспейді» деген сөзі ойға оралады. Соған сәйкес, Фемида қызметкерлерін қандай шенеуніктерге жатқызуға болады деген сауалдың жауабын тауып, оған объективті баға беру керек. Яғни ұсынылған реформаларға кіріспес бұрын, алдыңғы тәжірибені және олардың жұмыс істеуінің адами факторын талдау деген сұрақты төтесінен қою керек. Жаңашылдықтардың тиімсіздігіне кінәлі «Реформа» деп аталатын жүйе мен шенеуніктердің өздері емес пе? Соны сараптау шарт.

Сонымен қатар, азаматтардың біздің бірлестіктің қоғамдық қабылдауына түскен өтініштерін талдаған едік. Осы өтініштердің өзі ел Президентінің кассацияда қаралған істердің тым аздығы туралы сөзін растайды. Бұл жаңа «реформаторлар» құруға ұмтылған тәуелсіз кассациялық соттың болмауына емес, кассациялық алқаның қарауына беруден негізсіз бас тарту фактілеріне байланысты.

Реформалар үшін реформалар жасамау керек

Жоғарғы Соттың қазіргі кассациялық алқаларының құрылғанына көп бола қойған жоқ. Әрі алқаларды тәжірибеге енгізгенде сот жүйесі бұл реформа жүйенің мінсіз болуына және қоғамның жарқын болашағына әкеледі деп сендірді. Ендеше, олардың өміршеңдігі неге соңына дейін

зерделенбеді? Неге олар, жоғарыда айтылғандай, өзіне тән құзыретті өкілеттіктерін орындамаған, арнайы заңнамада көзделген мүмкіндіктер не себепті толық іске асырылмаған? Бұл толық тексерілуі тиіс.

Тәуелсіз соттарды құру мемлекеттік бюджетке де үлкен салмақ. Өйткені ол қосымша қаржылық шығынды талап етеді. Қызмет көрсететін персоналды бар жекеменшік фирмаларды бөлу, ҚР Жоғарғы Соты судьяларының санын кем дегенде 8-10-ға дейін қысқарту, судьялардың қалған санын (50-55) судьялық лауазымдар иерархиясы бойынша жоғары тұрған лауазымнан төменге қарай ауыстыру арқылы толықтыру оңай шаруа емес. Жоғары сотыдан төменгі сатыға ауысу судьяларға психологиялық, материалдық соққы болары анық. Яғни, реформа мұндай шығындарды ақтамайды.

Әрине, біз реформалардың жүргізілгенін қолдаймыз. Егер олар қажет болса, ғылыми және эмпирикалық талдауға негізделген болса неге қолдамасқа? Бірақ біз «реформалар үшін реформалар жасау керек» деген қағидатқа қарсымыз. Біздің мақсатымыз – ҚР Конституциясының барлық нормаларына, халықаралық сот жүйелерінің озық үлгілері мен түрлеріне сәйкес келетін және қоғамымыздың басым бөлігі мойындайтын сот төрелігін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әділетті, теңдестірілген сот жүйесін қалыптастыру. Әрі біз осы билік институтының қалай жұмыс істейтінін, ҚР Жоғарғы Сотындағы істердің қазіргі жай-күйін іштен жақсы білгендіктен, мәселеге қатысты пікір білдіруді жөн көріп отырмыз.

«Өзі отырған бұтақты ешкім кеспейді»

Мысалы, Жоғарғы Сот кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия Жоғарғы Сот судьялары мен соттардың иерархиясы бойынша бір-біріне бағынатын басқа да судьялардан құрылатыны белгілі. Комиссия мүшелері маңызды шешімдер қабылдауда тәуелсіз болуы тиіс. Бірақ комиссия құрамында қазіргі судьялар отырғанда, қандай тәуел-

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ОСАЛ ТҰСЫ НЕДЕ?



Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» ҚБ төрағасы, ТМД мемлекеттері парламентаралық ассамблеясының сарапшысы

Көріп отырғаныңыздай, Жоғарғы Сот осылайша Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 1-тармағында бекітілген судьялардың тәуелсіздігі қағидатын бұза отырып, судьяға өз ықпалын жүргізеді. Егер Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия қажет болса, онда сот органы мен қазіргі судьялар басшылығының әрекетіне отставкадағы судьялардан артық ешкім дәл әрі тәуелсіз баға бере алмайды. «Судьялар одағы» немесе «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» ҚБ сияқты қоғамдық ұйымдар Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамын неғұрлым тиімді қалыптастыруға қызмет етер еді. Отставкадағы судьялар құзыреттілігі пен кәсіпқойлығының арқасында сот төрелігінің сапасына шынайы, объективті баға берері күмәнсіз.

Судьялар одағына жүктелер жауаптылық жоғары

Құрамына қазіргі судьялар да, отставкадағы судьялар да кіретін «Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігінің сот жүйесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудегі өздерінің жарғылық міндеттерінен алыстап кеткенін атап өткен жөн. «Судьялар одағының» барлық қызметі соттардың зейнеткерлікке шығатын қызметкерлерін шығарып салумен және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру үшін судьялардан мүшелік жарналар мен ақшалай қаражат жинаумен ғана шектелуде.

БұҰ 1985 жылы өзінің арнайы қарарымен сот тәуелсіздігінің негізгі принциптерін бекітті, оған сәйкес судьялар өздерінің тәуелсіздігін қорғау мақсатында өз қауымдастықтарын, бірлестіктерін құра алады. Осы құжат қабылданғаннан кейін барлық

жерде Халықаралық судьялар қауымдастығына (ХСҚ) кіретін ұлттық судьялар бірлестіктері құрылды, оның бір мүшесі біздің «ҚР Судьялар одағы» ҚБ болып табылады.

ХСҚ-ның бағдарламалық құжаттарынан көрініп тұрғандай, бұл бірлестіктер сот төрелігін қорғау, оның қоғамдағы беделін арттыру, өз мүшелеріне әлеуметтік көмек көрсету, т.б. мәселелермен айналысады.

Ал біздің еліміздің Судьялар одағы өзіне жүктелген функцияны дұрыс атқара алып отырған жоқ. Дұрысы, ҚР Жоғарғы Соты мен судьялар өздерінің тікелей міндеттерімен, яғни сот төрелігін жүзеге асырумен айналысып, әкімшілік функциялармен айналыспауы керек. Бұл тезисті растау үшін Еуропалық комиссияның шешімін айғақ етсек жеткілікті. Онда Жоғарғы Соттың тәртіптік палатасын құрғаны үшін Еуропалық комиссия Польшаға 100 миллион еуро айыппұл салған. Еурокомиссияның пікірінше, судьялардың кәсіби қызметі бойынша шешім қабылдай алатын тәртіптік палатаның қызметі олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығына қауіп төндіреді.

Сондықтан осы қағидаттарға сүйене отырып, біз аталған судьялар бірлестігін Жоғарғы Сот басшылығына бағынатын қазіргі судья емес, отставкадағы судья басқаруы керек деп санаймыз. Тек осы ұсынылған жаңашылдықтар ғана ұйымның жұмысына айтарлықтай серпін бере алады.

Жоғарыда біз атап өткен кемшіліктер сот жүйесін жаңғырту мен трансформациялаудағы проблеманың бір парасы ғана. Сондықтан жаңа Қазақстанды құруда мемлекетіміздің соңғы 30 жылында орын алған кемшіліктерді қайталамау үшін, мақсатсыз және нәтижесіз бастамаларға тосқауыл қойып, айқын есептелер мен қателіктерді көрсету арқылы жүйелі де сапалы және ауқымды реформа жасау міндет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Мемлекет жекелеген отбасылардан құралады. Елдің келешегі әр отбасында тәрбиеленіп өскен балаларға байланысты. Қазақ елі әрқашанда отбасы мәселесін жоғары қойған, оның қоғамдағы рөлінің, ұлт мәдениетінің және санасының дамуына қосатын үлесінің зор екендігін назарында ұстаған. Сондықтан мемлекет тарапынан отбасы, бала құқығын қорғау ел Конституциясымен және заңдарымен жүзеге асырылады.

БАЛА КҮТІМІМЕН ОТЫРҒАН АНА АЛИМЕНТ АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ



қорғауға негізделген. Айлық табысы болмай, еңбекке жарамсыз болған тарапқа ғана алимент өндіріледі. Тағы ескеретін жағдай, жұбайының асырауына алимент талап ету үшін міндетті түрде тіркелген заңды неке болуы қажет, дәстүр мен діни тұрғыдағы неке заңнама бойынша қабылданбайды.

Сотқа түсетін неке және отбасы қатынасына байланысты даулардың ішінде соңғы кезде ортақ балалары үш жасқа толғанға дейін жұбайының асырауына алимент өндіру туралы істердің қатары көбейді. Бұл санаттағы істер негізінен ювеналды соттарда қаралады. Республикада көмекетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған соттардың құрылуының өзі – мемлекет тарапынан бала құқығына, отбасы құқығына аса назар аударылғанының белгісі. Себебі кей мемлекеттерде мұндай соттар жоқ.

Сот тәртібімен жұбайына алимент өндіру олардың арасында келісім болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Неке бұзу туралы дауларға медиацияны қолдануда ерлі-зайыптыларды татуластыруға психологиялық сарапшы мамандар, бас отбасы болса, олардың ата-аналары және басқа да қажетті тұлғалар тартылса, неке бұзу көрсеткіші күрт төмендер еді. Ал отбасына байланысты басқа даулар (бала дауы, мүлік дауы, алимент өндіру туралы даулар) осы некені бұздан туындайтын даулар болғандықтан, олардың да саны тиісінше төмендер еді.

Сондықтан отбасылық құндылықтарды сақтау мен дамытуда тек мемлекеттік бағдарламаларға сүйенбей, ұлттық мүддені биік қоятын әрбір отбасы, әрбір азамат өзінің парызы ретінде санауы керек.

Марал СейтОВА, Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

Қолданыстағы заң нормалары бойынша алимент өндіру туралы істер істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін бір айға дейінгі мерзімде қаралады және дайындау уақыты ұзартылмайды. Бұл өз кезегінде бала күтіміне байланысты табыссыз қалған жұбайдың құқығын

ПІКІР

АУДАРМАҒА ТӨЛЕНЕТІН ҚАРЖЫ АЗ

Әлемнің кез келген елінде сот ісін жүргізу мемлекеттік билікті жүзеге асырудың бір нышаны болып қалыптасқан. Сонымен бірге мемлекеттік билікті жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі – мемлекеттік тілді қолдану.

Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу қағидатының маңыздылығы – бұл жариялылықты, демократиялық ұстанымды нақты қамтамасыз етудің басты шарты. Осыған сәйкес азаматтық іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткіліксіз меңгерген іске қатысушы адамдарға өтініштер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде сөз сөйлеу құқығы түсіндіріледі және мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотта ісін жүргізу тілін білмейтін немесе жеткіліксіз меңгерген іске қатысушы аудармашының қызметтерін тегін пайдалану мүмкіндігі туады.

Қазіргі таңда азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу жүктемесінің арасындағы айырмашылық өте үлкен. Осыған байланысты азаматтық сот ісін жүргізу өндірісінде шамамен бір судьяда 200 бен 400-дің арасында азаматтық іс бар десек, әр судья шамамен күніне 20-25 азаматтық іс қарайды. Сонымен бірге азаматтық сот ісін жүргізудің мерзімдері тағы бар. Азаматтық сот ісін жүргізетін судьялардың уақыты өте шектеулі болғандықтан, сот ісін жүргізу тілі біраз мәселелерді тудырады.

Мысалы, қазіргі таңда Қазақстанда қаржылық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және заңды тұлғалар көбінде орыс тілінде талап арыз береді, сол себепті көп жағдайда сот ісін жүргізу тілі ретінде орыс тілі бекітіледі. Ал енді осы істер бойынша екінші тарап орыс тілін жетік білмейтін, яғни түсінеді, бірақ орыс тілінде ойын жеткізе алмайтынын айтып, өз ойын қазақ тілінде жеткізу үшін соттан рұқсат сұрайды. Бірақ судья қолданыстағы құқық нормаларды басшылыққа ала отырып оған аудармашыны қамтамасыз етуді ұйғарған жағдайда, өтініш берушілер судьяның әрекетіне көбінде шағым беріп жатады, себебі маған аудармашының қажеті жоқ, сот мемлекеттік тілде немесе екі тілде қатар жүргізілсін деген талаптарын қояды.

Сонымен қатар, кейбір істер бойынша тараптар азаматтық істерді созу үшін тілді білмейтінін айтып, аудармашыны талап ететінін жағдайлар да көп. Осы аталған мәселелерге байланысты судьяларға аудармашыны қамтамасыз ету процесі біраз қиынға түседі. Себебі бірінші сатыдағы соттарда немесе аудандық соттарда аудармашыға арнайы штат қарастырылмағандықтан, судьялар облыс орталығында орналасқан сот әкімшіліктеріне жүгінуге мәжбүр. Аудармашыларға төленетін қаражаттың аздығына байланысты және қылмыстық істерге қарағанда азаматтық істерде сот ісін жүргізу уақыты аз болуына байланысты көптеген аудармашылар азаматтық істерге қатысуға ынталы болмай жатады. Жоғары-

да аталған жағдайларға байланысты азаматтық істер бойынша аудандық соттың судьялары аудармашымен қамтамасыз ету процесінде көптеген қиындықтарға тап болады. Кейбір жағдайларда азаматтық іс жүргізу мерзімдерінің шектеулілігіне орай азаматтық істер бойынша аудандық соттың судьялары өзінің жеке қаражаты есебінен жоғары ақы төлеп, аудармашыны жалдауға мәжбүр болады.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты біраз ұсыныстар бар. Қазіргі таңда азаматтық істердің көбі көп республикалық маңызы бар қалалар мен оған жақын орналасқан соттарда көп судьялар мемлекеттік және орыс тілдерін жетік біледі. Сол себепті орыс тіліндегі азаматтық істер бойынша тараптарға және азаматтық іске қатысушыларға мемлекеттік тілде аудармашының көмегінен өз ойлары мен талаптарын жеткізуге құқықтық тұрғыдан мүмкіндік беру керек деп ойлаймыз. Ал екінші ұсынысымыз азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тілі шығындарын тараптарға яғни азаматтық жауапкерге жүктеуді құқықтық тұрғыдан бекітуді ұсынамыз.

Ж.УТЕГЕНОВА, Қарасай аудандық сотының судьясы, Адилгазы Серикхан, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қылмыстық құқық және іс жүргізу, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы.

СҰХБАТ

– Асланбек Абылайұлы, 2018 жылдан бастап ел аумағындағы орын алған қылмыстар электронды форматта жүргізіле бастады. 2021 жылы прокурорларға негізгі шешімдерді келісу заңмен жүктелді. Ал, 2022 жылы прокурорлар аса ауыр қылмыстарды тергей бастады. Өзіңіз басқарып отырған басқарма елдегі мұндай үдерістерге ілесіп отыр ма? Жалпы, жұмыстарыңыздың ретін айта отырсаңыз.

– Рас айтасыз. Прокуратурадағы оңды өзгерістерді сіздің сұрағыңызға сабақтап жалғастыра беруге болады. Прокуратура органдары 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық істердің айыптау актілерін түзуді қолға алды. Қазіргі таңда қылмыстық процесті одан әрі реформалау жұмыстарының іргетасы қаланып жатыр.

Негізінде, прокуратураның жоғарғы қадағалауды жүзеге асырудағы басым бағыттарының бірі – адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау. Заңсыздықтарды болдырмау және олардың алдын алу арқылы жолын кесу мақсатында биыл бірқатар оңды жетістіктерге қол жеткіздік.

Біріншісі – прокурорлар әрбір тіркелген оқиғаның заңдылығына құқықтық баға беру бағытында үш тәулік ішінде ақтайтын негізбен 109 қылмысты тоқтатты. Екіншісі – қылмыс жасаған тұлғаны күдікті деп тану, оның іс-әрекетін саралау немесе қайта саралау, істерді тоқтату, мерзімдерді үзуге қатысты 481 негізгі шешімдерді келісуден бас тартылды. Үшіншісі – кезекші прокурордың араласуымен қылмыстық қудалау органдарының қызметтік бөлмелерінде заңсыз ұсталып отырған 28, ал уақытша ұстау абактысында

болған 6 адам босатылып, олардың конституциялық құқықтары қалпына келтірілді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы 56 пайызға төмендеді. Оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы құқықтардың бұзылуы 70 пайызға, соттармен ақтау 30 пайызға дейін төмендеп отыр.

Әрбір көрсеткіштің артында азаматтардың еркін жүріп-тұру құқығы қалпына келтіріліп, қылмыс әлеміне негізсіз тартудың жолы кесілген. Тергеп-тексеру барысында заңсыз тәсілдерді қолданып, азаматтардың құқықтарын бұзған лауазым иелеріне қатысты прокуратурамен қолданылған шаралардан кейін олардың бірқатары тәртіптік жазаға, ал кейбірі қылмыстық жазаға тартылды.

– Оқырмандарымызды үнемі мазалайтын мынадай бір сұрақтың реті келіп тұр.

Асланбек ЗАМАНБЕК,

Шымкент қаласы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының бастығы:

«ӘРБІР КӨРСЕТКІШТІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҰР»

Қылмыстық қудалау органдарының қызметтік бөлмелерінде азаматтарды заңсыз ұстау деректері ұшырасып жатады. Мысалы, қарапайым, құқықтық сауаты төмен азаматтар осындай жағдайға тап болғанда не істеу керектігін нақты білмейді. Осыны қысқаша түсіндіріп өтсеңіз?

– Сұрақ өте маңызды, оны әрбір азамат біліп жүруі керек деп ойлай-

мын. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсам, орган қызметкері адамды ұстап алып, оны полиция ғимаратына жеткізеді, содан кезекші бөлім оны ішке кіргізуден бұрын тиісті құжаттарды рәсімдеп, оның жеке басына қатысты мәліметтерді арнайы жүйеге енгізеді. Осы сәттен бастап, адамның ғимаратта процестік заңнамаға сәйкес үш сағаттан артық отыруына болмайды, яғни оған қатаң тыйым салынған. Егер адамның қылмысқа қатыстылығы расталмаса, оны орган қызметкері дереу босатуға міндетті.

Десек те, осы айтылғандар орындалмаған жағдайда, жеткізілген адам немесе оның заңды өкілі тез арада кезекші прокурорға хабарлауы қажет. Себебі кезекші прокурор құқығы



тыр. Жалпы, азаптауларға тосқауыл қоюдың қандай жолдары бар?

– Мұндай заңсыз іс-әрекеттер үшін Қылмыстық кодексте арнайы жауапкершілік көзделген. Дегенмен заңды жетік білмеген азаматтар прокуратураға аздап туралы кеш хабарласуда.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қылмыстық қудалау органының қызметкерлері көрсеткішті жақсарту мақсатында адамды азаптап немесе басқа да тыйым салынған әдістерді қолданып, жасамаған қылмысты психикалық қысым көрсету арқылы мойындатуда. Көп жағдайда азаматтар органның осындай заңсыз іс-әрекеттері туралы прокуратураға

кеш хабарласып жатады. Соның салдарынан қылмыс іздерін анықтауға мүмкіндік болмауда. Себебі алған дене жарақаттары жойылып, ғимаратқа кіріп-шығуды тіркейтін камералардың сақтау мерзімі шектеулі болуына байланысты жазбалар өшіп кетуде, яғни қылмыстық ізге түсуге кедергі болуда. Осылайша, қылмыстық құқықбұзушылық дәлелденбеуіне байланысты өндірістен тоқтатылып қалады. Сондықтан тергеу кезінде азаматтар өзінің немесе жақындарының құқықтары бұзылған жағдайда тез арада прокуратураға хабарласу қажеттігін назарларына салғым келеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Тоғжан ЗЕБЕРХАНОВА, журналист

ТҮЙТКІЛ

МАС ЖҮРГІЗУШІДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЛМАЙДЫ

Алдымен көліктегі қылмыстарды сараласақ, қылмыстық заңнама бойынша, бұл – қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс түрлерінің бірі.

Қазіргі таңда көлік жүргізушілерінің жауапкершілігін арттыру – өмірлік маңызы бар мәселе. Себебі елімізде қара жолда қаза тапқандар саны көбеймесе, азаяр емес. Болмашы ереже бұзушылықтың өзі жантүршігерлік ірі апаттарға әкеліп соғуда.

Спирттік ішімдік ішсе, оның буымен шопырдан санамен бірге жауапкершілік те кетеді. Ондайда шоқалақ жолың да, тақтайдай тегісі де көмектеспейді. Ал енді соққыш көлік пен «желөкпе» тентекті тезге салатын бір соқпақ табылғандай. Заң қатайған, ҚР Қылмыстық кодексіне мас күйінде жол ережесін бұзғаны үшін жүргізушіні жауапкершілікке тартатын жеке бап енгізілген. Ал көліктегі және жол шаруашылығындағы заңнаманың міндеті – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын қорғау және жол-көлік оқиғаларының салдарын жою. Көлік және жол шаруашылығы саласындағы құқықбұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 30-тарауының 559-635-баптарында көзделген.

Осы тарау бойынша қалған құқықбұзушылық құрамдарын ішкі істер органдары, әскери полиция, мемлекеттік кірістер, көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органдар, сондай-ақ ауылшаруашылық техниканы тіркеу жөніндегі уәкілетті органдар қарайды.

Жүргізуші жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген ережелерін бұзған жағдайда жауапты болады.

«Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 Нормативтік қаулысына 11.12.2020 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Соттар Қылмыстық кодекстің 345, 345-1, 346 (үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер), 348, 349-баптарында көзделген қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық, егер жол жүрісі немесе көлік құрал-



дарын пайдалану қағидаларын бұзу адамның денсаулығына абайсызда орташа немесе ауыр зиян келтіру түріндегі салдарларға не бір немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан жағдайда ғана басталатынына назар аударады.

ҚК-нің 346-бабының бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қандай да бір салдарлардың басталуы талап етілмейді.

ҚК-нің 346-бабының екінші бөлігі бойынша жауаптылық абайсызда бөгде көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылысжайларын және өзге де нысандарды не өзге мүлікті бүлдіру, сол сияқты адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру түріндегі салдарлар болған кезде басталады.

Адамның қылмыстық құқықбұзушылық жасалған кезде алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде болуы фактісі ҚК-нің 345-1-бабында көзделген іс-әрекеттердің міндетті белгісі болып табылады.

Іс-әрекетті ҚК-тің 346-бабының тиісті бөлігі бойынша саралау үшін екі мән-жайдың: 1) адамның қылмыстық құқықбұзушылықты жасау кезінде алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы;

2) адамның осы іс-әрекетті жасағанға дейін көлік құралын басқару құқығынан айырылу фактісінің болуы анықталуы тиіс. Көрсетілген мән-жайлардың ең болмағанда біреуінің болуы іс-әрекетті ҚК-тің 346-бабы бойынша саралауды жоққа шығарады делінген.

Сонымен қатар, осы құжатта қылмыстық құқықбұзушылықтың жасау шегі де көзделген: қылмыстық құқықбұзушылық жасалған уақытта 16 жасқа толған, механикалық көлік құралын жүргізген және жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға жол берген адам ҚК-нің 345, 346, 347,

348, 349, 351-баптарында көзделген қылмыстық құқықбұзушылық субъектісі болып танылады. Бұл адамда жүргізуші куәлігінің, сол сияқты білімінің және оны пайдалану дағдысының болуы немесе болмауы қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

Соттар жазаны тағайындаған кезде, ҚК-нің 346-бабының екінші, үшінші, төртінші және бесінші, алтыншы бөліктерінде көзделген әрекеттер кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтарға жататындығын және, ҚК-нің 22-бабының талаптарына сәйкес, тұтастай алғанда, қасақана жасалған деп танылатындығын ескергендері жөн.

Осыған байланысты, абайсызда адамның денсаулығына орташа немесе ауыр зиян келтірген не қасақана қылмыстық құқықбұзушылық жасау нәтижесінде бір немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырған жағдайда (көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның алкогольдік масаң күйде көлік құралын басқаруы немесе мұндай адамға көлік құралын басқаруды беру немесе басқаруға жіберу) кінәлі адамға екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу тағайындалуы тиіс.

Сот біреулері қасақана, ал екіншілерін абайсызда жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жиынтығы бойынша сотталғандарға, егер қасақана қылмыстық құқықбұзушылық үшін бас бостандығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыру түріндегі жаза тағайындалған жағдайда ғана бас бостандығынан айыруды қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуді тағайындауға құқылы.

Осы ретте, егер қасақана қылмыс үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындалған жағдайда, сот қылмыстық құқықбұзушылықтардың жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыруды қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуді тағайындауға құқылы.

Көпшілік тәртіпке бас игенде ғана қауіпті қоғамнан арылатынымыз анық.

Дәурен АҚМУРЗИН, Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

БІР МҮДДЕ

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан азаматтарынан құрылады.

АЛҚАБИЛЕР – ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Әлемнің көптеген елдерінде алқабилер институты бар. Сол сияқты бүгінгі заман талабы өмірімізге алқабилер сотын енгізуді талап етіп отыр. Мұндай жағдайда замана көшінен қалып қоймауымызға көңіл бөлгеніміз жөн. Жалпы «алқабилер сотының қандай артықшылықтары бар? Оған кімдер кіре алады?» деген сауалдың тууы әбден мүмкін. Алқабилер туралы әңгіме Қазақстан Конституциясында да жазылған. Атап айтар болсақ, Ата Заңымыздың 75-бабында «заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады» деп атап көрсетілген. Бұл жүзеге асатын және жүзеге асып келе жатқан процесс. Алқабилер соты қарапайым халыққа не береді?

Біріншіден – олар сот шешімінің әділ өтуіне ықпалын тигізеді. Екіншіден – бұл жүйе халықаралық стандартқа жақын. Үшіншіден – сот ісіне қатысушылар құқықтық жағынан барынша қорғалады. Төртіншіден – сотқа деген елдің күмәнді көзқарасы өзгереді. Бесіншіден – бұл сот жүйесін жетілдіреді. Алтыншіден – біз сөз етіп отырған жүйені енгізу үшін «Алқабилер» туралы арнайы заң қабылданған. Сондықтан бұл институттың қажет екендігі, оның заман талабынан туындап отырғаны күн өткен сайын байқалып келеді.

«Алқа билер туралы» арнайы заң бар екендігін жоғарыда айттық. Бірақ кез келген адам оған мүше бола алмайды. Олардың тізімі алдын ала бекітіледі, хатталады, сөйтіп мақұлданады. Ал анығын айтсақ, 25 жасқа толмағандар, әлі де жазасын өтеп болмағандар, шартты түрде бостандығынан айырылғандар, жүйкесі ауыратындар, наркологиялық жағынан есепте тұрғандар, сонымен қатар, әскери қызметшілер, судьялар мен осы құқықтық салада жұмыс істейтіндер алқабилер сотына мүше бола алмайды. Алқабилер – қарапайым халықтың өкілі. Сондықтан халықтың атынан сотқа қатысып отырғандықтары себепті олардың сауаттылығына аса зор мән беріледі.

Гаухар ЖОЛЧИЕВА, Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

23. Қарағанды облысының Абай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 2 қарашадағы Қарағанды облысы, Абай қаласы, Жеңіс даңғылы, 3 мекенжайы бойынша орналасқан Абай ауданы әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында сағат 10:00-де шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта байқау өтеді. Қайта байқауға қатысу үшін өтінімдерді тіркеу және қабылдау Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай көшесі, 26 құрылым, (1-ші қабат, 10 кабинет) мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 2023 жылғы 18 қазанда бастап 2023 жылғы 1 қараша сағат 17:00-ға дейін жүзеге асырылатын болады. Байқауға қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Жер учас. №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (алқаптардың құрамы мен түрлері, бонитет баллы)	Ауданы, (га)	Жал-дық мерзім, (жыл)	Жер учаскелерінің орналасуы, кадастрлік нөмірі, ауылдық округтен арақашықтығы)	Су қамтамасыз ету	Аймақтың ауылшаруашылық мамандануы
1						
15	Талшынды, тәлімі егістік – 36,0054 га, жайылым – 0,4821 га, балл бонитеті – 19	36,4875	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлаайғыр ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Өсімдік шаруашылығы
24	Талшынды, жайылым – 16,4550 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,045 га, балл бонитеті – 18	16,5000	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарағанды ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
29	Талшынды, жайылым – 33,10 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,0764 га, балл бонитеті – 11	33,1764	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ильичевск ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Өсімдік шаруашылығы Мал шаруашылығы
30	Талшынды, жайылым – 44,5 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,5 га, балл бонитеті – 22	45,0000	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарағанды ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
5	Талшынды, жайылым-231,0 га, егістік-565,0 га, басқа бонитеті – 4 га, бонитет баллы-19	800,0	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Самарка ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы Өсімдік шаруашылығы

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қатысуға өтінімінде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы
- 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- 4) конкурстық ұсыныс;
- 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Байқауға хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей конкурсты қатысуға өтінім ресімдеген шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елуі пайыздан асатын заңды тұлғалардан басқа) белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жіберіледі.

Конкурстық ұсынысты мыналар болуы тиіс: бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техника-

сы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қартадарғы № 7 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің № 19893 болып тіркелді) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірді мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөлгеннен немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынылады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе Сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берілген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар үшін-бірінші басшының (немесе Сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық ұсыныс және «жылғы _____» дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай к., 26 құрылыс мекенжайы бойынша «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алуға болады. Байланыс телефондары: 8 (72131) 41958 (факс), электрондық мекенжайы: abayarh@mail.ru.

22. Қарағанды облысының Абай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 19 желтоқсандағы Қарағанды облысы, Абай қаласы, Жеңіс даңғылы, 3 мекенжайы бойынша орналасқан Абай ауданы әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында сағат 10:00-де шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша байқау өтеді. Байқауға қатысу үшін өтінімдерді тіркеу және қабылдау Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай көшесі, 26 құрылым, (1-ші қабат, 10 кабинет) мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 2023 жылғы 27 қарашадан бастап 2023 жылғы 15 желтоқсанға сағат 17:00-ға дейін жүзеге асырылатын болады. Байқауға қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Жер учас. №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (алқаптардың құрамы мен түрлері, бонитет баллы)	Ауданы, (га)	Жалдық мерзім, (жыл)	Жер учаскелерінің орналасуы, кадастрлік нөмірі, ауылдық округтен арақашықтығы)	Су қамтамасыз ету	Аймақтың ауылшаруашылық мамандануы
1						
1	Талшынды, жайылым -365,4 га, басқа алқаптар -32,2163 га, балл бонитеті – 9	397,6163	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ақбастау ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
2	Талшынды, жайылым – 7485,6, басқа алқаптар – 14,4 га, балл бонитеті – 12	7500	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Есенгелді ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
3	Талшынды, жайылым – 532 га, егістік – 293,0 га басқа алқаптар – 32,7848 га, балл бонитеті – 18	857,7848	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Самарка ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Өсімдік шаруашылығы Мал шаруашылығы

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қатысуға өтінімінде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы
- 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- 4) конкурстық ұсыныс;
- 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Байқауға хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей конкурсты қатысуға өтінім ресімдеген шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елуі пайыздан асатын заңды тұлғалардан басқа) белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жіберіледі.

Конкурстық ұсынысты мыналар болуы тиіс: бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен

технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қартадарғы № 7 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің № 19893 болып тіркелді) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірді мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөлгеннен немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынылады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе Сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берілген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар үшін-бірінші басшының (немесе Сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық ұсыныс және «жылғы _____» дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай к., 26 құрылыс мекенжайы бойынша «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алуға болады. Байланыс телефондары: 8 (72131) 41958 (факс), электрондық мекенжайы: abayarh@mail.ru.

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай-Кәсіпорын) бос орындарға орналасуға сұхбатасу өтетінін жариялайды:

Кәсіпорынның Ақмола облыстық және Астана өңірлік филиалдарының директорларына;

Үміткерлер хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- қоса берілген құжаттардың тізбесімен бірге сұхбатасуға қатысу туралы өтініш;
- жеке басын куәландырушы құжаттың көшірмесі;
- фотосымен бірге мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме (нақты тұратын мекен-жайлары мен байланыс телефондары көрсетілген);
- лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері;
- еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

Келісті: _____
Тапсырыс беруші: _____

сыйбайлас жеңорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;

Аталған құжаттардың біреуі болмай қалған жағдайда, сұхбатасуға қатысушының құжаттарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Үміткерлерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: ветеринария (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария);

Еңбек өтілі басқару лауазимында 5 жылдан кем емес; Зертханалық менеджменті, ветеринариялық заңнамасын білуі;

Компьютерде және өзге де оргтехникалармен жұмыс істей білуі;

Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Құжаттарды қабылдау жұмыс күндері сағат 9:00-ден бастап 13:00-ге дейін және 14:00-ден бастап 18:00-ге дейін, Астана қ-сы, Республика даңғылы, 50/1, 1-қабат, 109 кабинет мекен-жайы бойынша қабылданады, байланыс телефоны, факс 8(7172) 91-61-24, 91-61-14, 91-61-13, эл.пошта: odo-rvl.ast@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Denord» ЖШС (БСН 200940006508) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Бақытгерді Құлманов көшесі, 154А үй, 5 пәтер.
3. «China Petroleum Pipeline Engineering Corporation (CPPE)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазақстандағы филиалы, БСН 041241015703, филиалдың жалғыз қатысушысы – «China Petroleum Pipeline Engineering Corporation (CPPE)» (КХР) 2023 жылғы 10 тамыздағы №КЗ-2023.08.09 шешімінің негізінде өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 147Б үй. Тел.: 87273307688.
4. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы, Шыңғырлау аудандық білім бөлімі, «Жаңақұш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, БСН 971040001398 (Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылдық округі, Жаңақұш ауылы, Самалықсай көшесі, 42 ғимарат) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 06 қазандағы №9237 қаулысымен таратылды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылдық округі, Шыңғырлау ауылы, Л.Кнышев көшесі, 89А. Тел.: 87113734224, 87113734221.
5. «Алан Кодек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 140940015711, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 161 үй, 44 кеңсе.
6. «CAPITAL T» ЖШС (БСН 151140018315) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 118 үй, 1 пәтер. Тел: 87051800107.
7. «Electro service group» ЖШС, БСН 180540013649, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен

- бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152 үй. Тел: 87074496009.
8. «Consent LTD и К» ЖШС (БСН 040140014703) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, А.Бөкейханов көшесі, 112 үй. Тел: 87079836970.
9. «УВА» ЖШС, БСН 201140031265 (заңды мекенжайы: Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 20А үй, 21 пәтер, пошта индексі 130000) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 20А үй, 21 пәтер. Тел.: 87775923377.
10. «Абдулахад» ЖШС (БСН 151140015142) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылы, Жамбыл көшесі, 19 үй.
12. «СМ» ЖШС, БСН 070240014227, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 4, тел.: 87017090888.
13. «ВВМ» ЖШС, БСН 960740000013, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 4, тел.: 87017090888.
14. «Ресторанный Комплекс Мастер» ЖШС, БСН 060240000730, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 4, тел.: 87017090888.
16. «Ломбард Фаворит Авто» ЖШС, БСН 190440022468, жалғыз қатысушының 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №2-1 шешімі бойынша микроаржылық ұйым ретіндегі қызметін ерікті түрде тоқтатыны, құзыры органа тиісті хабарлама жіберетіні туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 81/1 үй, индекс 090000.

ӨРТҮРЛІ

11. «Tengri S» ЖШС Астана қ. МАЭС-тің 2023 ж. 24.10. ұйғарымымен оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.
17. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 24 қазандағы ұйғарымымен «ESSEN» ЖШС-не (БСН 170540031576) қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалды.
18. Алматы қаласы, Жетісу аудандық №92 сотта Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 135 үй, 5-пәтер мекенжайында тұратын азамат А.Т. Султанованың 1966 жылы туған, Алматы қаласының тұмасы, жұмыс істемейтін азамат Фархад Абидұлы Мамаджановты хабарсыз кетті деп тану туралы арзы бойынша азаматтық іс қаралуда. Азамат Ф.А. Мамаджановтың орналасқан жері туралы ақпаратты білетін адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде сотқа хабарлауын сұраймыз (судья Кудиярбеков Н.Ж.).
19. «НИМЭКС-ТРАНС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Серіктестіктің жалғыз қатысушысының жаңадан құрылған ЖШС-н: «НТ-Билдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылатын туралы және 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «НИМЭКС-ТРАНС» ЖШС-нің бөлу балансы мен беру актісін бекіту туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» ықшам-ауданы, Зерде көшесі, 45.
20. Осымен барлық кредиторларды «Талдықорған Кабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысушылары «Талдықорған Кабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық

капиталын азайту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, 205.

24. «QAZYNA SN plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230540025941), Қазақстан Республикасының 22.04.1998 ж. № 220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабына сәйкес, Серіктестіктің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Әуезов даңғылы, 14/1.

25. «Qazyna SN» ЖШС, БСН 120640015886, Қостанай облысы, Денисов ауданы, Денисовқа ауылы, П.З. Промзона-1, құрылыс 1 мекенжайында орналасқан астық сақтау мүлкілік кешенін иеліктен шығаруды жоспарлап отырғаны туралы хабарлайды.

26. «Державинский элеватор» ЖШС 2023 жылғы 30 қарашада сағат 10.00-де Ақмола облысы, Державинск қаласы, Элеваторный тұйық көшесі, 1 үй мекенжайында «Державинский элеватор» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі: Директорды тағайындау.

15. «Ломбард «Қазына плюс» ЖШС сатып алынбаған мүліктерді саттыққа шығарады. Мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 6/2 үй, «Каскад» СҮ. Өткізілетін уақыты: 02.11.2023 ж. - 08.11.2023 ж.

Анықтама телефоны: 87010925511. Лицензия 01.21.0032.Л.

МҰРАГЕРЛІК

27. 11.12.2001 жылы қайтыс болған Әлиқабаров Жалғұманбеттің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат.


БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №81 санды)

Сөйтіп жүргенде, комендантымыздың қайынағасы жоғары жаққа жақпай қалып, қамауға алынды. Содан полковник өзіне тықыр таянғанын біліп, өз адамдарымен академикті қинап, еш құны жоқ ақпараттарды ғана алыпты. Олар академиктен «Басқа ақпараттар қайда, кімдер маңызды табыстарға қол жеткізді?» деп сұрағанда, ол «бәрін өзім аштым, қызметкерлерім өңкей миғұла» деген сөзінен танбапты (Бір жағынан, ойлап қарасам, академик осылайша өз қызметкерлерінің, соның ішінде менің де өмірімді сақтап қалған екен. Әйтпесе, ол менде құжат көшірмесі болуы мүмкін екенін сезгені анық). Оның көзін жойған соң, Тряпкинің бізбен жұмысы да болмай, шетелге қашып кетті. Кейін естүімше, мәліметтерді аз ақшаға сатқанмен, оның қызығын көре алмапты, біреулер өлтіріп кетті.

Ал өзіме келсем, осы жағдайдан кейін әйелім мен қызымды ертіп елге оралдым. Өткен ғасырдағы тоқсаншы жылдардың ортасында кәсіпкерлікпен айналысып, елге шетелден компьютерлер әкеліп саттым. Алайда алаяқтарға алданып, біреулерге қомақты ақша қарыз болып қалдым. Содан қиын күндер басталды... Қарыз берушілерден қашып жүріп, осы Шуақты қаласына жақын маңға көшіп келдік. Жаңа жерде қуанышты күндер бастала ма деп үміттеніп жүргенде, әйелімді бір байдың баласы көлікпен қағып өлтірді. Әкесі оны соттан аман алып қалғаны аздай, бар кінәні әйеліме аударып, көліктің астына өзі түскен етіп көрсетті...

Арада бірнеше жыл өтіп, өз-өзіме әрең келіп, компьютер жөндейтін шағын шеберхана ашып, жағдайым реттелгендей болды. Қызым өзі ұнатқан жігітке тұрмысқа шықты, немерем өмірге келгенде, өзімді өмірде менен асқан бақытты адам жоқтай сезіндім. Алайда қызым екінші баласын туарда қайтыс болып кеткен соң, баяғы күндерім қайта басталғандай күйге ендім. Күйеу баламның екінші әйелі шатақ мінезді, дүниеге жақын адам болып шықты. Ол немеремді күң сияқты жұмсайтын, күйеу балам оның айтқанынан шыға алмайтындықтан, әйеліне қарсы ешнәрсе дей алмайтын. Кейде қаржылық жағалынан қысылғанда мен жәрдем беріп тұрғандықтан, сол әйел ақша таусылғанша немереме жылы қабақ танытып жүретін. Сондай тәрбие көргеніне қарамастан, немерем әжесі мен туған шешесі секілді ақкөңіл, жұртқа мейірімді адам болып өсті. Өзі таңдаған оқуға да түсті. Алайда қасындағы құрбы-құрдастары қатыгез болып шықты. Олар оны сәті түскен сайын мазак етуге тырысады екен. Бірде қаланың бетке ұстар үш байының балалары баратын ресторанаға алдап апарып, оны солардың ойыншығы етіпті... Өгей шешесі сол балалардың әке-шешесінен қомақты ақша алып, немерем мен күйеу баламның арызын кері алдыртыпты. Күйеу балам өз әлсіздігіне намыстанып, көшеде арақ ішіп кетсе, немерем жұрттың мазасына шыдай алмай, ауруханаға түсіп қалды. Күйеубалам қызының намысын таптаған ең басты зорлықшының әкесі Ерлан деген байдан есеп сұрайтынын ашу үстінде әйеліне айтып қойыпты. Міне, оның ең басты қателігі сол болыпты. Дүниеқоңыз әйел бір жағдай болса, содан алған ақшаны кері қайтаруды талап етеді деп қорқып, Ерлан байға соны айтыпты. Байдың адамдары күйеу баламды көлікпен қағып кетсе, оның полициядағы таныстары бұл істі әдеттегідей «ашылмайтын істердің» қатарына жатқыза салыпты.



маның соңында көрсетілген үйге өз адамдарын жіберді. Адамдары көрсетілген мекенжайға барғанда, ол жерден киімінің алдыңғы жағы қан-қан бір адам шығып келе жатты. Қолында пышағы мен пистолетін ол алға қарай кезене бергенде, аналар оны бірден атып тастады. Бір жамандықты сезгендей ішке кірген олар белмеден тілі кесілген Әсет пен екі адамның өлігін көріп, өздерінің кешіккендерін түсінді. Бұл айғақтар Ерлан байға «көр қауға» толығымен жетер еді. Сол себепті Нұрлан мен Омар басқа да авторитеттердің разылығын тез алып, Ерлан байға қандай жаза қолдануды ойластыра бастады. Бірақ олар өздерінің Аралбек шалдың түзген жоспары бойынша қимылдап жатқанын білмеді. Ол бір күн бұрын Ерланның сенімді адамын қақпанына түсіріп, оған Әсеттің «мойындауын» жаздыртып, оны Нұрлан байға жібергізіп, кейіннен оны өлтіруге бұйырған еді. Ол бұл тапсырмаларды санасыз түрде орындап, сыртқа шығып келе жатқанда, оған Нұрлан байдың адамдары жолығып қалып еді.

«ЕГЕУҚҰЙРЫҚ АУЛАУШЫ»

Мен ол кезде Қытайдан жаңа компьютерлерге қажетті қосалқы бөлшектер іздеп тауып, енді елге келіп едім. Болған жағдайдың бәрін білген соң, жауыздарды жеке өзім жазалауға бел будым. Бірінші кезекте күйеу баламның өліміне және немеремнің «психушкаға» түсуіне себепкер болған әйелдің көзін жоюды ойластырдым. Киллер жалдағанмен, одан 100 пайыз нәтиже күтуге болмайды, енді қандай әдіс бар деп отырғанда, академик Василийковтың қарауында жұмыс істеген кездерім есіме түсіп кетті. Пайдасы тиюі мүмкін деген маңызды құжаттардың электронды көшірмелері менде әлі де сақтаулы еді. Солардың ішінде маған керек екі әдіс туралы дерек бар болатын. Біріншісі – академик ағайып мүмкіндіктерге ие экстрасенстер егер де жау жаққа өтіп кетсе немесе мемлекетке қарсы әрекеттерге бармас үшін, олардың саналарына құпия «өзін-өзі жойғыштарды» ойластырған еді. Нақты бір бейнекөрініс көрген немесе әртүрлі сөздерден құралған дыбыстық командаң естіген сондай «қондырғысы бар» экстрасенс өз-өзін бірден өлтіретін. Негізі ол бір қондырғы не механикалық зат емес, санамыздың терең түкпіріндегі «өз-өзіңді өлтір!» деген психологиялық команда еді. Ал ол тек жоғарыда айтылған тәсілдермен іске қосылатын. Екіншісі – академиктің командасы ойлап тапқан адамды бірден «суперсолдатқа» айналдыратын әдіс еді. Бұл тәсілдердің қуаты әрі кетсе екі-ақ күнге жететін. Ал ол мерзім мен үшін толығымен жететіндіктен, жоспарыма бірден кірістім.

Қысқасы, академиктің сол «өзін-өзі жойғыш механизмін» ана жауыз әйелге қолдануды ойлады. Күйеу баламның жаназасы өткен күннің кешінде соның үйіне бардым. Әйелден басқа адамдардың бәрінің кеткенін күтіп, үйге қараңғылықта кірдім. Қолымдағы бүріккіш құтыда адамды тез естен талдырғыш сұйықтық бар еді. Кезінде мектепте химия пәнін жақсы оқитындықтан, мұғалімдер «сенен екінші Менделеев шығады» деп мақтап отыратын. Сол себепті ол сұйықты қолдан жасау маған қиындық тудырмады. Әйел мені көңіл айтуға келді деп ойлап, өтірік қайғы жұтқан адам бола қалып, зарлай бастағанда, оның бетіне сұйықтықты бүрікіп жіберіп, бірден есінен тандырдым. Біраз уақыттан соң, ол әлі есін жия алмай жатқанда,

аузына адамды еркінен айырушы таблетканы салып жіберіп, оған «бомж» әйел секілді киінуге және өз-өзіне қол жұмсауды бұйырдым. Дәрі әсерінде тұрған ол бұйрығымды мүлтіксіз орындап, үйінен зомби секілді шығып, өздігінен бір көліктің астына түсті. Одан кейін ол туралы ешнәрсе естіген жоқпын. (Жомарт сол кезде ғана ана әйелдің не себепті із-түзсіз жоқ болып кеткенін түсінді. Шамасы оны мәйітханада қаңғыбас адам деп есептеп, жан-жақты тексеру жүргізуге ерініп, бірден жер қойнына тапсыра салған сияқты).

Сол жайдан кейін бойымда алғашында қорқыныш сезімі пайда болғанмен, көп ұзамай өзіме деген қанағаттанушылық пайда болып, немеремнің жағдайына қатысы бар басқалардан да осылай кек алуды ойлап, тез іске кірістім. Жауларым туралы қажетті ақпараттарды ғаламтордан оп-оңай тауып алдым. Өзімді сол сәттен бастап «қоғамның егеуқұйрықтарын аулаушы» секілді сезініп кеттім.

Негізі ана бұзық баланың өзі маған килікті, әйтпесе, оны пайдалану ойымда да жоқ еді. Кешке жақын ол шеберханама келіп, ақша талап ете бастағанда, шалт қимылмен естен талдырғыш сұйықтықты шашып есінен талдырдым. Оның Нұрлан байдың баласымен жақсы қатынаста екендігін біліп, нағыз киллер секілді өлтіруді бұйырдым. Ертесіне түрімді өзгертіп, ресторанда тамақтанып отырып, мен жоспарлағандай қанды қырғынды өз көзіммен көрдім. Содан кейін немеремнің курстастарынан кек алуды ойластырдым. Колледжге электрик ретінде кіріп барып, курстастары оқитын аудиоторияның желдеткіш жүйесіне адамның жүрегін айнытып, іш айдатқыш сұйықтығы бар қондырғы мен бүкіл аудиторияны еркін түсіретін миникамера орнатып кеттім. Уақыты келгенде қондырғыны қашықтан тұрып іске қостым. Содан кейінгі дүрбелеңді тікелей әлеуметтік желіге салып жібердім. Ал, құтқару қызметі студенттер тамақтан уланды деп ойлап, сол бағытта тексеру жүргізді. Сол себепті арадан екі күн өткен соң-ақ, еш қиындықсыз оқу ордасына кіріп, өз қылмысымның ізін оп-оңай жойып жібердім. Енді жас жезөкшеге келер болсам, оны көшеде тұрған жерінен еш қиындықсыз қақпаныма түсті. Әлі жап-жас болса да, көпшілікке жаман

мінездерімен танылып үлгерген ол кезінде немеремді тура жолдан тайдырмақ болыпты. Сол себепті одан жендет жасағаным өкінбеймін.

Әрине, сен ойлап отырған шығарсың, мұның бәрін неге айтып отыр деп? Мен бұның бәрін газетте жариялағанды қалаймын. Ал егер оны істемесең, онда миыңдағы «жасырын бомба» жарылады. Таңдау өзіңде».

Жомарт Аралбек шалдың айтқандарын ой елегінен өткізді. Ол мұндай адамдарды талай мәрте көрген. Өмірде бірнеше мәрте әділетсіздікке душар болған олар жан-жағындағылардан тек жамандық күтіп тұратын болады. Өздерінің аянышты өмірін қайта-қайта айтып, жұрттың өзіне деген аянышын тудыруға тырысады. Ондайларға қанша жерден жақсылық жасасаң да, бұл бір есеппен жасалып жатқан дүние ретінде қабылданады. Сол себепті олар жұрттың бәріне сенімсіздікпен қарап, тек өздерінің ғана дұрыс санайды, ал өзі бір қателік жіберсе, бар кінәні өздеріне қарай алады. Сонымен қатар жұрттың көзіне «имандылық», «сауап», «жақсылық жасау» туралы сөздерді көп айтқанмен, жеке ортада адамдардың бәрін шетінен жамандап шығады. Сол себепті ол бұл шалдың кейбір сөзіне сенбеді әрі миыма «мина» қойып қойған шығар деп күдіктенді.

Өз-өзіне келген Жомартты Аралбек еш қарсылықсыз жіберіп, бүгін кешке ерекше жаңалық болатынын айтып, «осы естіп-білгенің бәрін газетке жазуы керектігін, сол арқылы жауыздықтың қалай жазаланатынын жұрт көрсін» деп жымыды. Журналист кешке анық бір жамандықтың орын алатынын сезді...

Осыдан бір сағаттай бұрын Нұрлан байдың жеке нөміріне бір бейнежазба келген еді. Онда серіктесі Ерланның Әсет есімді оң қолы «Өздерінің бастықтарының бұйрығымен екі серіктесінің балаларын өлтіргендерін, сол арқылы бастығы оларды басқа «қылмыс әлемінің серкелеріне» қабілетсіз ретінде көрсетіп, қаланы жалғыз билегісі келгенін айтты. Сол қылмыстары үшін өзінің қатты өкінетінін, сөзінің соңында Ерлан байға сенбейтінін, бәрі біткен соң, өзін өлтірте ме деп қауіптенетінін, егер Нұрлан оны одан қорғайтын болса, онда бәрін көпшіліктің алдында айтатынын жеткізіпті». Нұрлан бұл жазбада айтылғандардың растығын тексеру үшін, хабарла-

Екі серіктес іске қызу кірісіп жатқан кезде, белгісіз нөмірден бір әйел Ерланға хабарласып, Нұрлан мен Омардың оған жалған айып тағып, оны және баласын өлтіруді ойластырып жатқанын айтып, телефонды өшіре салды. Ерланның ішкі бір түйсігі бұл мәліметтің растығын айтып тұрғандықтан, ол уақытты бос жібермей, алдымен өзі шабуылдауды ойлады. Ал оның бұл жоспарын Омар мен Нұрлан байлар өз жаныңдары арқылы біліп қойып, оның жоспарын жүзеге асырмай тастады.

Аралбек шал айтқандай, бұл хабар сол күні қараңғы түспей-ақ, шағын қаланы дүр сілкіндірді. Қала тұрғындары «ұлымен бірге лайықты жазасын алған» Ерланға тиесілі бизнесті енді екі серігі бөліп алатынын сөз етіп жатқанда, Жомарт қандай қадам жасарын білмей басы қатып отыр еді. Ақырында өзін «полиция, сот әрі жендет» санайтын адамның айтқанын істемеуге бел буиды. Сонда да сақтық ретінде осы оқиғаны газетке әбден өзгертіп, оны тура бір алыстағы АҚШ-тың бір штатында орын алған «мафиоздық есеп айрысу» әңгімесі секілді беруді ойлады. Сондағы Аралбек шалдың кейіпкерін жүйке аурулары емханасынан қашып шығып, өзінің ойдан құралған отбасы үшін кек қайтарушы ретінде көрсетті. Осы детектив әңгімені оқыған редакторы бір нәрсені сұрағысы келіп оқталып тұрды да, кейіннен оны жариялатуға өз рұқсатын берді.

Сол әңгіме газетке шыққан күні таңертеңнен Жомарт іштей өз өліміне дайындалып жүрді. Түске жақын кездейсоқ қалалық ішкі істер бөлімінен келген қылмыстық ақпараттарды қарап отырып, селт ете қалды. Онда кеше түнде өзінің компьютерлік шеберханасының жанында А. есімді азаматтың өлі денесі табылғаны жазылыпты. Оқиғаға қатысты сұралған азаматтар сол маңнан бір топ есірткікүмар жастың қашып бара жатқанын көріпті. Полициядағы танысына хабарласқан Жомарт қайтыс болған адамның дәл өзі ойлағандай Аралбек екенін және шынында да оны нашақорлар ақшасы үшін пышақтап өлтіргенін білді. Сол сәтте журналистің бойында сол адамға деген аянышты сезімнен қатар өзінің қауіп-қатерден құтылғанына деген қуаныш сезімі арпалысып жатты...

Қалмұрат ДӘУЛЕТБАЕВ, ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА
Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №162 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANGAZET.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31